

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2022 МАЗМҰНЫ

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ҚАБЫЛДАНҒАН
ҚЫСҚАРТУЛАР 01

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 02

01
Қор жайында 06

02
Депозиттерге кепілдік
беру жүйесіне қатысу 10

03
2022 жылғы депозит нарығы 12

04
Арнайы резервті қалыптастыру 21

05
Инвестициялау 26

06
Кепілді өтемді төлеу 28

07
Теңгедегі салымдарды қорғау
бағдарламасы шеңберінде
өтемақы төлеу 31

08
Бизнес-процестерді цифрландыру
және ақпараттық қауіпсіздік 34

09
Ақпараттық-түсіндіру қызметі 38

10
Халықаралық қызмет 42

11
Дамудың перспективалық
бағыттары 45

12
Корпоративті басқару 51

13
Қаржы есеп-қисабы 57

ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ▣ **АДБ** – Азия даму банкі
- ▣ **ҚНРДА** – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
- ▣ **Банк, қатысушы банк** – тартылған депозиттерді қайтару бойынша міндеттемелеріне Заңға сәйкес кепілдік берілген ДКБЖ қатысушысы болып табылатын екінші деңгейдегі банк (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы)
- ▣ **Агент-банк** – ДКБЖ-ға қатысушы болып табылатын және Қормен жасалған келісім негізінде кепілдік өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
- ▣ **ДБ** – Дүниежүзілік банк
- ▣ **ІНҚ** – Қордың ішкі нормативтік құжаттары
- ▣ **Қосылу шарты** – шарттарын Қор айқындаған және ДКБЖ-ға кіретін барлық банктер (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалдары) үшін стандарт болып табылатын ДКБЖ-ға банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының) қосылу шарты
- ▣ **ЕАЭО** – Еуразиялық экономикалық одақ
- ▣ **ЕАДБ** – Еуразиялық Даму Банкі
- ▣ **ЕҚДБ** – Еуропалық Қайта Құру және даму банкі
- ▣ **БЖЗҚ** – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
- ▣ **Заң** – «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- ▣ **Консультативтік кеңес** – Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығын қоса алғанда, қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және олардың өкілдерінен қалыптастырылған Қордың алқалы консультативтік-кеңесші органы
- ▣ **Таратылатын банк** – барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банк
- ▣ **ДСХҚ** – Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы
- ▣ **ХВҚ** – Халықаралық валюта қоры
- ▣ **ҚР ҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- ▣ **ҚСББ** – Қаржы секторын бағалау бағдарламасы
- ▣ **ҚР** – Қазақстан Республикасы
- ▣ **ДКБЖ** – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі
- ▣ **Қор (ҚДКБҚ)** – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры АҚ
- ▣ **P&A** – Активтер мен міндеттемелерді беру операциясы

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Әділ Өтембаев

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік
беру қоры» АҚ Төрағасы


Құрметті салымшылар!

Алдыңғы жылдардан бастау алған экономикалық «кейінгі дүмпулерге» (афтершок) және дамыған елдердегі банктік дағдарыстарға қарамастан, 2023 жыл біз үшін сенімді өсу бағытын сақтау және халықтың банк жүйесіне де, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне де сенімін одан әрі нығайту кезеңі болды. Мұндай институционалдық тұрақтылық ішкі депозиттік нарықтың оң динамикасымен, Қор жинаған резервтердің айтарлықтай өсуімен, Қордың коммуникациялық саясатындағы ілгерілікпен және т. б. түсіндіріледі.

АҚШ пен Еуропадағы 2023 жылғы банк дағдарысы біздің қаржы секторымызға және ең алдымен банк жүйесіне әсерін тигізбеді. Алайда бұл оқиғалар депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығында (ДСХҚ) және сарапшылар арасында жаһандық стандарттарды қайта қарау және ДСХҚ ең жақсы тәжірибелерді жүргізуші ретіндегі рөлін күшейту қажеттілігі туралы қызу пікірталас тудырды. Өздеріңіз білетіндей, Қор әрқашан жаһандық трендтерді мұқият қадағалап, озық әлемдік тәжірибені енгізу мәселелерінде белсенді ұстанымға ие болды. Сонымен қатар бұл жолы мен ДСХҚ атқару комитетінің мүшесі бола отырып, осы ұйымның қызметін реформалау жөніндегі халықаралық жұмыс тобының құрамына кірдім. Нәтижесінде ДСХҚ ұйымдық құрылымын жақсарту және іске асырылуы таяудағы екі жылға жоспарланған депозиттерді сақтандырудағы іргелі стандарттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырылды. Осы бағыттарда жұмыс істеу жаһандық аспектіде де, депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесі үшін де елеулі пайда әкелетініне сенімдімін.

Банк салымдары халық үшін ең сенімді қаржы құралы болып қала беретінін атап өткен жөн. Бұған дәлел ретінде 2023 жылы бөлшек депозиттік нарық 21%-ға өсіп, 20 трлн теңгеден асқаны дәлел болып табылады. Нақты кірістілігі инфляция деңгейін және валюталық тәуекелдерді жабатын тартымды деңгейде қалатын теңгедегі депозиттер ерекше танымал. Бұл теңгелік депозиттер көлемінің үздіксіз өсуін түсіндіреді және қазақстандықтардың ұлттық валютаға деген сенімінің артқанын айғақтайды. Мәселен, 2023 жылы теңгелік депозиттердің көлемі 34%-ға өсті – бұл 2016 жылдан бергі ең жоғары мән және банктердің бөлшек портфеліндегі олардың үлесі 73%-ға жетті, ал валютадағы депозиттер көлемі қысқарды. Бүгінде банктердің депозиттік базасының жартысынан көбі халықтың салымдары есебінен қалыптасты.

Депозиттік нарыққа қатысушылар үшін өткен жылдың маңызды оқиғасы салымдар бойынша шекті мөлшерлемелерді реттеуді ырықтандыру болды, оны іс жүзінде іске асыру келесі жылы басталады. Бұл Қордың Ұлттық банкпен бірлесіп жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысты жүргізген реформасы туралы. 2008 жылдан бастап Қор банк секторында жүйелік тәуекелдердің жинақталуын



2023 жылы
бөлшек депозиттік
нарық 21 %-ға
өсіп, 20 трлн
теңгеден асқаны.

және іске асырылуын болдырмау үшін бөлшек салымдар бойынша мөлшерлемелердің шегін белгіледі. Қазақстандық нарықты дамытуды және тәуекелдерді басқару мәдениетін арттыруды ескере отырып, банктерде 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген, халық депозиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеудің неғұрлым икемді және нарықтық тетігіне директивалық немесе «тікелей» ауысу үшін жағдайлар қалыптастырылды. Жаңа тетікті енгізу нәтижесінде депозиттік нарықта барабар нарықтық баға белгілеуді дамыту және қатысушы банктер арасында шынайы бәсекелестікті арттыру күтілуде. Мұндай өзгерістер салымшылар үшін тарту шарттарына да, халыққа қызмет көрсету сапасына да оң әсер етуі тиіс.

Кепілдік беру жүйесінің институционалдық тұрақтылығы туралы айта отырып, бүгінгі таңда жеке тұлғалардың барлық шоттарының 99,8%-ы Қордың кепілдігімен толық қамтылғанын атап өтеміз. Бұл Қорда жинақталған резервтердің арқасында мүмкін болды. Мәселен, 2023 жылы арнайы резерв қаражатының көлемі рекордтық 1 трлн теңгеден асты, ал оның деңгейі кепілдендірілген депозиттердің жиынтық сомасының заңнамалық минимумынан 5%-дан асып түсті, бұл өз ретінде үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Қор арнайы резервті қалыптастырудың озық тәжірибелерін қолданатынын қайталамауға болмайды. Мәселен, арнайы резерв көлемінің көп бөлігі әрбір банктің тәуекелдер бейініне байланысты Қор қолданатын жарналардың сараланған моделі негізінде ДКБЖ-ге қатысушы банктердің жарналары есебінен жинақталған. Бұл ретте Қор бұдан әрі банк жүйесіндегі тәуекелдер деңгейіне сәйкес, оның ішінде банктер үшін жарналар мөлшерлемелерін арттыру жолымен арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз етуге ниетті.

Арнайы резерв қаражатының сақталуының маңызды аспектісі оларды инвестициялау саясаты болып табылады. Кепілдендірілген валюталық салымдар бойынша міндеттемелерімізді ескере отырып, өткен жылы біз инвестициялау саясатын қайта қарадық және өтімділік портфеліндегі валюталық құрамдас бөлікті 15%-ға дейін ұлғайттық. Бұл қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету және теріс қайта бағалаудан болатын ықтимал шығындарды азайту үшін қолданылатын кең таралған әлемдік тәжірибе. Мұндай шара валюталық тәуекелдердің әсерін төмендетіп қана қоймай, салымдарды әртараптандыруға ықпал етеді, бұл бізді жинақталған қаражаттың тәуекелдерінің, кірістілігі мен өтімділігінің оңтайлы арақатынасына жақындатады.

● ● ● ●
 ● ● ● ●
 ● ● ● ●
 ● ● ● ●
 ● ● ● ●
 ● ● ● ●
Бүгінгі таңда жеке тұлғалардың барлық шоттарының 99,8%-ы Қордың кепілдігімен толық қамтылғанын.

Сондай-ақ біз үшін 2023 жылы орын алған тағы бір маңызды фактіні атап өту қажет, бұл салымшыларды депозиттерге кепілдік беру тетігі туралы хабардар етудің жаңа тәртібі. Салымшылардың мүдделерін қорғау және қаржылық сауаттылықты арттыру әрқашан Қор үшін басты басымдықтардың бірі болды. Осыған байланысты Қор салым/шот шартын жасау кезеңінде банк клиенттерін хабардар етудің жаңа нысанын әзірлеп, енгізді. Енді әрбір салымшы банктен лицензиядан айырылған жағдайда өтемді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы ғана емес, депозиттің негізгі шарттары мен кепілдік сомасын есептеу ерекшеліктері туралы да алдын ала хабардар болады. Ақпараттандыруды банктер цифр-

лық платформалар, соның ішінде мобильді қосымшалар арқылы да, тікелей бөлімшелерде де жүзеге асырады. Осы жаңалықтардың арқасында депозит және оған кепілдік беру тәртібі туралы барлық маңызды ақпарат салымшыларға банк шарты жасалғанға дейін қолжетімді, бұл оларға дұрыс қаржылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қор өткен жылы банктердің банктік салым шарттарында клиент үшін негізгі қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын бірыңғай талаптарды заңнамада бекіту жөнінде түзетулер енгізуге бастамашы болды. Бұл шартта ұсынылған шарттарды қабылдаудың ыңғайлылығын қамтамасыз етеді және салымшылардың құқықтық қорғалуын күшейтеді.

Қосымша ретіде айтар болсам, барлық таратылатын банктер бойынша төлем мерзімінің аяқталуына және салымшылардың зейнетақы шоттарына талап етілмеген кепілдік сомаларының аударылуына қарамастан, Қор «дәлелді» себептер бойынша өтем алуға өтініштерді қабылдауды жалғастыруда. Нәтижесінде, таратылатын банктің әрбір салымшысына кепілдік берілген қаражатты толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, Қор дәлелді себептермен жалпы сомасы 50 млн теңгеге кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асырды.

2023 жылдың тағы бір маңызды оқиғасы 2022 жылы басталған және Дүниежүзілік банктің қатысуымен Халықаралық валюта қорының сарапшылары өткізген Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасының аяқталуы болды. Қор қаржылық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементтерінің бірі бола отырып, сарапшылармен жұмыс істеуге және осы бағалау нәтижелерін талқы-

лауға белсенді түрде ат салысты. Біз бұл бағалаудан сәтті өтіп қана қоймай, сарапшылармен бірге кепілдік беру жүйесін жетілдіру және Қордың институционалдық рөлін жақсарту аясын анықтадық. Бұл бағалаудың нәтижелері бізге стратегиялық мақсаттарымыз бен Даму басымдықтарымызға, соның ішінде ДСХҚ негізгі қағидаттарын қоса алғанда, депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелері үшін үздік әлемдік тәжірибелер мен стандарттарға жақындау қажеттілігін ескере отырып, жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Құрметті салымшылар! Өз үндеуімнің соңында, салымшылардың мүдделерін қорғау біз үшін басты басымдық болғанын және болатынын және Қор беріктігі үшін маңызды бағыттарға кепілдік беру жүйесін нығайту бойынша жұмысты жалғастыратынын тағы да атап өткім келеді. Алдағы 2024 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне 25 жыл толады. Осы мерейтойлық жылы біз арнайы резервтің жеткілікті деңгейімен, мықты ұстанымдармен кіреміз және өткен қателіктер мен табыстарды талдау негізінде болашақ бағдарларға қол жеткізу бойынша үлкен жұмысқа бағытталдық.


Құрметпен, Әділ Өтембаев
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

1



● Ұлттық банк ғимараты, Алматы қ.

ҚОР ЖАЙЫНДА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында ҚР ҰБ Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 қаулысына сәйкес құрылды.

Қор акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері – ҚР Ұлттық Банкі.



ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесуде және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері (бейрезидент

банктердің филиалдары) депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тиімді қатысушы болу.

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМА

Қор:

- ▣ депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелері үшін ДСХҚ негізгі қағидаттарына сәйкес болуға; (ДСХҚ-ның негізгі қағидаттары);
- ▣ үздік әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып, өз миссиясын жүзеге асыруға ұмытылады.

ДСХҚ 2002 жылы бүкіл әлем бойынша депозиттерді сақтандырушылардың тиімділігін арттыру мақсатында құрылды. Дүние жүзіндегі депозиттерді сақтандырушылар үшін

жаһандық стандарт құрушы орган бола отырып, ДСХҚ 2009 жылы депозиттерді сақтандырушылар үшін стандартты әзірледі – Негізгі қағидаттар қаржылық тұрақтылықты сақтау жүйесінің тұрақтылығына үлес қосу үшін депозиттік сақтандырушылардың рөлі мен міндеттерін белгілеу үшін жасалған¹. Сондықтан Қор іргелі қағидаттарға сәйкес келу және озық халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, өз миссиясын іске асыру мақсатында ДСХҚ қызметті жетілдіруге ұмтылады.

ДКБЖ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Депозиттерді сақтандырушылар депозиттерді сақтандыруды және банктерді реттеу процестерін қолдайтын қаржы жүйесінің басқа қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасайтын ДКБЖ деп аталатын жүйе шеңберінде жұмыс істейді. ДКБЖ жұмыс істеу қағидаттары салымшыларды қорғау (кепілді

өтем төлеу) және қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу мақсатында айқындалған және мыналарды қамтиды:

- ▣ депозиттерді қабылдауды, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің (Қазақстан Республикасының бейре-

¹ 2014 жылғы ДСХҚ-ның негізгі қағидаттарына сәйкес: қаржылық тұрақтылықты сақтау жүйесі пруденциалдық реттеу және қадағалау, дәрменсіздікті реттеу, соңғы сатыдағы кредитор және депозиттерді сақтандыру функцияларын орындайды. Көптеген юрисдикцияларда қаржылық тұрақтылықты сақтау жүйесіне қаржы секторына қатысты саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік орган немесе қазынашылық кіреді.

зидент банктерінің филиалдарын қоса алғанда) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне міндетті түрде қатысуы;

- ДКБЖ айқындығын қамтамасыз ету;

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

2022–2023 жылдары Қазақстанның қаржы секторын (ҚСББ) бағалау бойынша кезекті бағдарлама өткізілді және оның шеңберінде депозиттерге кепілдік беру жүйесі баға берілді. Жалпы ҚСББ қаржы секторының тұрақтылығы мен беріктігін және оның өсу мен дамуға жәрдемдесу қабілетін бағалауға бағытталған. Қор 2023 жылы халықаралық сарапшыларға жан-жақты қолдау көрсете отырып, ҚСББ-ға белсенді қатысты. Халықаралық ұйымдардың сарапшылары депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жай-күйін, Қордың қызметін тежейтін кедергілерді және оларды еңсеру жолдарын талқылады. Халықаралық сарапшылармен талқылаудан басқа, Қор қызметкерлері қаржылық тұрақтылықты сақтау жүйенің басқа қаты-

- ДКБЖ жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту;
- арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

сушыларымен өзара іс-қимыл жасады, сондай-ақ ҚСББ аралық есептерін қарады және жекелеген ережелерді нақтылады. ҚСББ қорытындысы бойынша Қор өзінің мақсаттары мен міндеттерін түзетіп отырды. Жалпы, қойылған міндеттерді келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүйелеуге болады:

- өтемді уақтылы және толық көлемде төлеу;
- өтем төлеу үшін арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді нығайту;
- операциялық тұрақтылық пен институционалдық тиімділікті нығайту;
- бөлшек депозиттік нарықта сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысу.

ҚОРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- Заң талаптарына сәйкес кепілді өтемді төлеу;
- қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысу (P&A операциясы);
- активтерді инвестициялау;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- агент-банктерге қойылатын талаптарды белгілеу және Қордың басқару органы айқындаған тәртіппен кепілдікті өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент-банктердің алдын ала тізбесін бекіту;
- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;

- қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- тарату комиссиясы Қор алдында өзі төлеген (төлейтін) кепілді өтем сомасы бойынша берешекті өтеген сәтке дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын) тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Қор өз қызметкерлері үшін қолдау көрсететін және шабыттандыратын ортаны құру үшін белсенді жұмыс істейді және көшбасшылықты дамытуға, сонымен қатар команданың әрбір мүшесінің мансаптық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тырысады. Қор қызметкерлерді басқарудың барлық салаларында теңдік мүмкіндіктері және кемсітушілікке қарсы күрес қағидаттарын ұстанады. Ынтымақтастыққа жағдай жасайтын, инновацияларды ынталандыратын және жеке өсуге ықпал ететін корпоративтік мәдениетті құру – басты басымдық болып табылады. Қор әрбір қызметкердің біздің ұйымда қолдауға және абыройға ие екендігін сезінуін қамтамасыз етуге тырысады, бұл жалпы табысқа және мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Кадрлар табыстың негізгі факторы екенін түсіне отырып, Қор кадрларды мұқият таңдауды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі дағдылар мен тәжірибелерге ұмтылуды қамтитын стратегияны ұстанады. Біздің команданың негізін тұрақтылықты қамтамасыз ету және қойылған міндеттерді табысты орындау үшін қажетті құнды білімі мен дағдылары бар, ұйымымызда көп жылдық тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар құрайды. Сонымен қатар біз талантты және перспективалы адамдарды жұмысқа тарта отырып, үнемі жаңарып отырамыз. Жыл соңында қызметкерлердің орташа тізімдік саны 77 адамды құрады, бұл ретте шамамен 13% Қорда 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар, 14%-ы – 5 жылдан 10 жылға дейін және 20%-ы – 3 жылдан 5 жылға дейінгі уақытты құрайды. Көптеген тәжірибелі қызметкерлер бізге құнды білімді сақтауға және беруге, сондай-ақ жаңа топ мүшелерін сәтті біріктіруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, жас қызметкерлер командаға жаңа идеялар мен тәсілдер әкеледі. Бұл нығаю жолында өзара тиімді әрекеттесуге ықпал етеді.

Сонымен қатар қызметкерлерге үнемі жетілдіруге және өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беру үшін оқыту және дамыту бағдарламалары үнемі өткізіліп тұрады. 2023 жылдың ішінде Қордың 68 қызметкері оқытуға жіберілген

болатын. Осы оқыту бағдарламасы арқылы қызметкерлер ақпараттық қауіпсіздік, бағдарламалау, дерекқорлармен және мамандандырылған бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу, ішкі аудит, басқару құзыреттерін дамыту, командада тиімді жұмыс істеу және қызметкерлерді басқару салаларында құнды білім мен дағдыларға ие болды. Оқыту біздің қызметкерлеріміздің кәсіби өсуіне және жұмыстың жалпы сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне деген қамқорлық Қордың басымдықтарында маңызды орын алады. Қор жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға қатысты құжаттаманы жүйелі түрде жаңартып отырады. Жаңадан қабылданған әрбір қызметкер өз міндеттеріне кіріспес бұрын еңбек қауіпсіздігі бойынша міндетті кіріспе оқытудан өтеді. Қор барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын құруға тырысады. Осылайша олар біздің күшті және сенімді командамыз бола алады.

Қор ұйымымыздағы келіспеушіліктер мен еңбек дауларын шешуге ерекше назар аударады. Мұндай жағдайларды тиімді реттеу үшін келісім комиссиясы құрылды. Келісім комиссиясы жұмыс берушінің де, ұжым қызметкерлерінің де өкілдері болып табылатын үш мүшеден тұрады. 2023 жыл ішінде қызметкерлердің келісім комиссиясына жүгінуінің бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ, бұл ұжымдағы тұрақты жағдай мен жақсы қарым-қатынасты куәландырады.



2023 жылы ұлттық валюта – теңгенің 30 жылдығы айтулы оқиға болды. Қордың көптеген қызметкерлері қаржы жүйесінің дамуына елеулі үлес қосты, ол үшін олар түрлі сыйлықтармен марапатталды. Олардың еңбегін мойындау үшін қызметкерлерге ҚР ҰБ төрағасының Алғыс хаты, «Теңгеге 30 жыл» мерейтойлық медалі, сондай-ақ Қор Төрағасының Алғыс хаты табыс етілді.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2



● Бәйтерек, монумент және шолу мұнарасы, Астана қ.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУ



2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ДКБЖ-ге ислам банктерін: «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ және «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ қоспағанда, Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған 21 екінші деңгейдегі банктің 19-ы қатысады.



Есепті жылы Қор қатысушы банктің 1 куәлігін берді және «Қазақстан Халық банкі» АҚ атауының өзгеруіне байланысты ДКБЖ-ге қатысушы банктердің тізіліміне тиісті өзгерістер енгізді («жинақтаушы» сөзін алып тастау). 2023 жылы ДКБЖ қатысушы банктердің құрамы өзгеріссіз қалды.

1-КЕСТЕ.

31.12.2023 ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

№	Атауы
1	«ALTYN BANK» АҚ (CHINA CITIC BANK CORPORATION LIMITED ЕБ)
2	«BANK RBK» АҚ
3	«BEREKE BANK» АҚ
4	«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ
5	«FORTEBANK» АҚ
6	«HOME CREDIT BANK» АҚ
7	«KASPI BANK» АҚ
8	«БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЕҰ
9	«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
10	«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
11	«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» ЕБ АҚ
12	«КЗИ БАНК» ЕБ» АҚ
13	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
14	«НҰРБАНК» АҚ
15	«ОТБАСЫ БАНКІ» АҚ
16	«СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
17	«АЛМАТЫ Қ. ҚЫТАЙ САУДА-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ
18	«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
19	ВТБ БАНКІ (ҚАЗАҚСТАН) ЕҰ АҚ

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

3



● «Қазақстан» қонақүйі – бірегей тарихи ескерткіші, Алматы қ.

2022 ЖЫЛҒЫ ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023

ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ


ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚТЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

2023 жылды халықаралық қаржы нарықтарындағы дүрбелең мен геосаяси кеңістіктегі тұрақсыздыққа қарамастан, Қазақстан экономикасы үшін қалпына келтіру жылы деп атауға болады. Үкімет пен қаржы реттеушілерінің бірлесе отырып, дағдарысқа қарсы қабылдаған шараларының арқасында Қазақстан экономикасы сыртқы күйзелістерге төтеп бере алды және есепті жылы орнықты өсу траекториясына шықты – 2023 жылы ЖІӨ өсімі 5,1%-ды құра-

ды (2022 жылға 3,2%)². Экономикаға қысым инфляцияның жоғары көрсеткіштері мен айырбас бағамының құбылмалылығына байланысты сақталды, бірақ ҚР Ұлттық Банкінің дәйекті және ашық ақша-кредит саясаты осы факторларды реттеуге мүмкіндік берді және қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етті, бұл сондай-ақ депозиттік нарықтың бөлшек портфелінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті: жеке тұлғалар депозиттерінің жиынтық көлемі 2023 жылы 20,6%-ға өсіп, рекордтық 20,4 трлн теңгені құрады (1-сурет).

1-СУРЕТ.

ХАЛЫҚ ДЕПОЗИТТЕРІ 20,0 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ



Бөлшек депозиттік базаның өсу драйвері теңгедегі салымдар болып қала береді. Валюталық тәуекелдердің болуына қарамастан, олардың өсуі теңгелік активтер бойынша жоғары табыстылықпен ғана емес, сондай-ақ қазақстандықтардың ұлттық валютаға деген сенімінің артуымен де байланысты. 2016 жылдың басында, 2014–2015 жылдардағы құнсызданудан кейін халық теңгеге деген сенім дағдарысын бастан өткерген кезде бөлшек теңгелік депозиттердің үлесі 21%-ды құрады. ҚР Ұлттық Банкі мен ҚДКБҚ бірлескен күш-жігерінің арқасында кейінгі жылдары валюта бағамын

тұрақтандыруға және валюталық тәуекелдерді жабатын олардың кірістілігін арттыру есебінен теңгедегі депозиттік өнімдердің тартымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Мысалы, 2022 жылы теңге бағамы 7%-ға төмендеді, ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша ауытқуларға қарамастан 2%-ға нығайды. Бұл ретте 2022–2023 жылдары теңгедегі депозиттер бойынша орташа табыстылық 14% шегінде өзгерді, бұл қарастырылып отырған кезең ішінде валюталық қайта бағалаудан азаматтар белгілеген табыстылықтан бірнеше есе артық. Сонымен қатар теңге бағамының ауытқуынан

2 www.primeminister.kz


ұтыста болу әрдайым мүмкін емес, көбінесе адамдар валютаны оның шыңында жоғары бағамен сатып алады, ал құлдырау кезінде сатады. Осылайша қазіргі уақытта теңгедегі депозиттер халық арасында ең сұранысқа ие қаржы құралы болып табылады: олардың өсімі 2023 жылы 2016 жылдан бергі ең жоғары мәні – 33,7%-ды құрады, ал бөлшек портфельдегі теңгедегі депозиттердің үлесі жыл соңында 73%-ға жетті.

Теңгенің айырбас бағамының ауытқуына қарамастан халықтың валюталық депозиттерінің үлесі төмендеді және бөлшек депозиттік портфельді долларландыру қолайлы 26,8%-ға жетті (2-сурет). Долларландыру-

дың оңтайлы деңгейі экономиканың көлеміне, оның ашықтық дәрежесіне, қаржылық интеграция деңгейіне және нарықтың дамуына байланысты. Дегенмен, шетелдік зерттеулер көрсеткеніндей, валюталық депозиттердің үлесі 30%-дан аспауы долларландырудың ең қолайлы деңгейі деп есептелінеді³. Қазақстан бірнеше жыл ішінде ҚР Ұлттық Банкінің өлшенген ақша-кредит саясатының арқасында осы межеден өте алды, ал бүгінде халық жинақтардың басым бөлігін негізгі есептеулерді жүргізу және кірістілікті қамтамасыз ету үшін теңгеде, ал аз бөлігін тәуекелдерді әртараптандыру үшін валютада сақтайды.

2-СУРЕТ.

БӨЛШЕК САУДАЛЫҚ ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ДОЛЛАРЛАНУЫ ҚОЛАЙЛЫ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ



ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұқаралық сегмент бөлшек саудалық депозиттік нарықтың негізі болып табылады (үлесі 51,3%), алайда соңғы кезеңдерде қалыптасқан инфляцияның жоғары деңгейіне байланысты осы сегменттің жинақтау қабілеті төмендеді. Халықтың атаулы кірістерінің өсуі және ағымдағы жоғары мөлшерлемелер бойынша сыйақылардың

есептелуі 2023 жылы бұқаралық сегменттің 20,0%-ға өсуіне әкелді. Нарықтың басқа сегменттерімен салыстырғанда, бұқаралық сектордың өсу қарқыны артта қалып отыр. Әсіресе ұлттық валютадағы депозиттер бойынша: бұқаралық сегменттің теңгелік депозиттерінің жылдық өсімі (23,5%) жалпы бөлшек нарық бойынша (33,7%) және орташа және ірі сегменттер бойынша көрсеткіштерден төмен – тиісінше 52,9% және 55,7%.


³ A. Kokenyne, J. Ley, R. Veyrone, 2010, Dedollarization, IMF Working Paper. A. Bennett, E. Borensztein, 1999, Monetary Policy in Dollarized Economies, IMF Occasional Paper No. 171.

Нәтижесінде бұқаралық сегменттің үлесі теңгедегі депозиттер бойынша да – 5,1 п.т., сондай-ақ жалпы нарық бойынша да –0,2 п.т. қысқарды (3-сурет). Басқа сегменттермен салыстырғанда бұқаралық сектордың неғұрлым төмен өсімі инфляция деңгейінің атаулы кірістердің өсуінен асып кетуіне байланысты 2024 жылғы қаңтарда нақты ақшалай кірістердің индексі 99,7%-ды⁴ құрады, бұл ретте

азық-түлік тауарларына арналған шығыстар қазақстандықтардың ақшалай шығыстарының жартысын алады (51,3%⁵). Бұл елдегі орташа көрсеткіштер болғандықтан, бағаның өсуінің әсері әсіресе табысы орташа деңгейден төмен халықтың бір бөлігі үшін байқалады. Сондықтан олардың жинақтау белсенділігін төмендетеді деп болжау қисынды.

3-СУРЕТ.

ТЕҢГЕДЕГІ ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША БҰҚАРАЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ ҮЛЕСІ ТӨМЕНДЕДІ



Орта сегменттің үлесі төмен, бірақ ол – қазіргі уақытта ең жылдам дамып келе жатқан сегмент. Осы сегментпен теңгелік депозиттер бойынша өсімнің жоғары көрсеткіші (52,9%) тіркелді және бұл валютадағы депозиттер бір жыл ішінде азаймаған, керісінше, қалыпты өсімді көрсеткен жалғыз сегмент (6,9%) (4-сурет). Азық-түлік тауарла-


ры бағасының өсуі бұқаралық сегментпен салыстырғанда орта сегмент салымшыларының ақша жинақтау қабілетіне аз әсер етеді. Нәтижесінде бір жыл ішінде сегменттің өсуі 39,3%-ды құрады (жаппай және ірі сегменттердің 20,0%-дан және 13,4% салыстырғанда), ал үлес 14,6%-дан 16,9%-ға дейін өсті.

⁴ 2024 жылғы қаңтар 2023 жылғы қаңтарға, пайызбен, Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>.

⁵ 2023 жылғы IV тоқсандағы % – бен, Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>.

4-СУРЕТ.

ОРТА СЕГМЕНТ – ЕҢ ЖЫЛДАМ ӨСЕТІН СЕГМЕНТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ




Ірі салымшылар әлі күнге дейін өз жинақтарын валютада сақтауды жөн көреді, алайда бұл сегментте валюталық депозиттердің жылыстауы жалғасуда және сегменттің нарықтағы үлесі төмендейді. Валюталық депозиттердің бір бөлігі олардың тартымды табыстылығына байланысты теңгелік депозиттерге, бір бөлігі ірі салымшылар үшін қолжетімді шетел валютасындағы баламалы қаржы құралдарына айырбасталды деп болжауға болады. Егер бұрын шетелдік банктердегі депозиттер бойынша кірістілік қазақстандық банктер белгілеген мөлшерлемеден аспаса (ең көбі 1%), онда өткен жылы орталық банктердің инфляциясы мен қатаң ақша-кредит саясатының жоғары көрсеткіштеріне байланысты шетелдік нарықтардағы сыйақы мөлшерлемелері еселеп өсті (ақша нарығындағы жоғары мөлшерлемелер). Нәтижесінде жыл бойы ірі сегментте шетел валютасындағы депозиттер көлемінің 8,1%-ға қысқаруы байқалды және оның валюталық депозиттер бойынша үлесі 2,3 п. т. төмендеді. Ірі сектордың теңгедегі депозиттері, керісінше, бір жарым еседен астамға өсті (+55,7%), сонымен бірге олардың үлесі әлі де төмен – 20,2%.

Қазақстан бірнеше жыл ішінде ҚР Ұлттық Банкінің өлшенген ақша-кредит саясатының арқасында долларлану деңгейін айтарлықтай төмендетуге қол жеткізді. Ірі жинақтары бар салымшылар қаражатты шетел валютасында сақтауды жөн көреді, ірі сег-

5-СУРЕТ.

ДОЛЛАРЛАНУ БАРЛЫҚ СЕГМЕНТТЕРДЕ ТӨМЕНДЕЙДІ




менттің долларлану деңгейі сыни деңгейден (53,6%) асады, алайда 2023 жылы валюталық депозиттер үлесінің айтарлықтай төмендеуі байқалды (12,6 п.т.). Бұқаралық сегментте, керісінше, шетел валютасындағы депозиттердің ең төменгі үлесі – 11,5% тіркелді, ал орташа сегменттің долларлану деңгейі (22,8%) бөлшек депозиттік нарық бойынша жалпы мәнге (26,8%) жақынырақ (5-сурет).

Депозиттік өнімдердің мерзімділік критерийлері бойынша жыл бойы нарықтағы мерзімді және жинақ салымдардың үлесі өсті, бұл жинақтау мәдениетін біртіндеп қалыптасып, халықтың қаржылық сауат-

тылық деңгейі артқандығын көрсетеді. Салымшылар жинақтарды жоспарлауға және оларды жеке мақсаттарына қарай депозит түрлері бойынша бөлу жағына саналы түрде қарай бастады: өтімді «қауіпсіздік көпшігін» құру немесе максималды кіріс алу үшін ұзақ мерзімді салымдарға инвестициялау. Қаржы технологияларын дамытудың арқасында салымшылар банк бөлімшелеріне бармай-ақ, банктік операцияларды жылдам жүргізуге мүмкіндік алады, сонымен бірге қаржы секторын дамыту халықтың өз жинақтары туралы салмақты және ойластырылған шешімдер қабылдау үшін инвестициялау құралдары туралы хабардарлығын арттыруды көздейді.

6-СУРЕТ.

ТҰРАҚТЫ ҚОРЛАНДЫРУ ҮЛЕСІ ӨСУДЕ



Мерзімінен бұрын алып қою бойынша қатаң шектеулерге қарамастан, банктер жинақ салымдары бойынша неғұрлым тартымды мөлшерлемелерді ұсынады және заңнамада кепілдіктің ең жоғары мөлшері көзделген. Осыған байланысты салымшылар өз жинақтарының бір бөлігін салымдардың осы түріне, әсіресе жоғары кірістілікті бекіту үшін

қысқа мерзімдермен салуды жөн көреді. Нәтижесінде 2023 жылы жинақ салымдары бойынша ең жоғары өсім – 43,9% тіркелді, мерзімсіз депозиттер бойынша 23,1% және ағымдағы және карточкалық шоттар бойынша 12,8%, ал тұрақты қорландыру⁶ үлесі 8,4%-дан 9,4%-ға дейін өсті. Сонымен қатар мерзімсіз депозиттер өзінің ұтқырлығы мен

6 Тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды.

шектеулердің болмауына байланысты әлі де бөлшек саудалық депозиттік портфельдің негізі болып табылады. Олардың портфельдегі үлесі 2023 жылдың аяғында 64,0%-ды құрап, жыл ішінде 1,3 п. т.-ға ұлғайды (6-сурет).

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР


2023 жылы халық үшін банктік салымдардың тартымдылығы олардың сенімділігімен ғана емес, сонымен қатар жоғары кірістілігімен де қамтамасыз етілді. 2023 жылы ҚР Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жұмсартылғанына қарамастан, базалық мөлшерлеме деңгейі бұрынғысынша жоғары болып қала берді. ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелері мен банктердің депозиттік саясаты үшін бағдар болып табылатындықтан, 2023 жылы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелер халық үшін қолжетімді қаржы құралдарының басқа түрлерімен салыстырғанда өзінің тартымдылығын сақтап қалды.

Жеке тұлғалардың депозиттер нарығындағы мөлшерлемелерді реттеу нарықтық сипатқа ие болды. Мерзімсіз салымдар бой-

ынша мөлшерлемелер 2023 жылдың 4-тоқсанынан бастап, базалықтан кейін төмендеді. Мерзімді және жинақ салымдары бойынша 2023 жылдың ішінде ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелерді бір деңгейде сақтап қалды: бірінші жартыжылдықта ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің сақталуына байланысты сақтаса, ал екінші жартыжылдықта 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін бөлшек саудалық депозиттер бойынша мөлшерлемелерді реттеудің жаңа тетігіне бейімделу үшін өтпелі кезеңге қатысушы банктерге беру мақсатында сақтады (7-сурет). Реформа халық депозиттері бойынша мөлшерлемелерді директивті реттеуден нарықтық реттеу тетігіне көшу мақсатында жүзеге асырылды. Осылайша өткен жылдан бастап мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелерге әсер ететін негізгі факторлар – ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі және қатысушы банктердің депозиттік саясаты болды. Нәтижесінде 2023 жылдың соңында теңгедегі мерзімсіз салымдар бойынша орташа нарықтық мөлшерлемелер 14,9%-ды құрады, ал қысқа мерзімге арналған мерзімді және жинақ салымдар бойынша тиісінше 15,5%-ға және 17,5%-ға жетті.

7-СУРЕТ.

МЕРЗІМСІЗ САЛЫМДАР БОЙЫНША ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕМЕ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕДЕН КЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ, МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ЖИНАҚ БОЙЫНША – БІР ДЕҢГЕЙДЕ САҚТАЛДЫ





ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚТАҒЫ СЫАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН РЕТТЕУ РЕФОРМАСЫ

Банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қор жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін реттеуді жүзеге асырады. Осылайша қорландыруды ұлғайту және өтімділікті қолдау үшін банктер ұсынылатын өнімдер бойынша мөлшерлемелерді ұлғайта отырып, халық қаражатын тарта алады. Бұл жеке тұлғалардың жинақтарының тұрақты банктерден орнықтылығы төмен банктерге ағылуына әкелуі мүмкін. Банктер арасындағы зиянды бәсекелестікті шектеу және банк секторында жүйелік тәуекелдердің жинақталуын болдырмау үшін Қор ай сайын барлық қатысушы банктер үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелерді белгіледі. Мұндай механизм банктердің өктем депозиттік саясатын шектеуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар мерзімді депозиттік нарықты және депозиттер бойынша кірістілік қисығын қалыптастыруға ықпал етті, ал банктер үшін тәуекелдерді басқару жүйесін (пайыздық және өтімділік тәуекелдерін) жетілдіруге түрткі болды.

Сонымен қатар мөлшерлемелерді директивті басқару нарықтық шара болып табылмайды, банктер арасындағы бәсекелестікті шектеп, болашақта олардың қызметіне нұқсан келтіруі мүмкін. Банктердегі тәуекелдерді басқару мәдениетін арттыру мен қадағалауды күшейтуді ескере отырып, Қор ҚР Ұлттық Банкімен бірлесіп 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін нарығында реттеудің неғұрлым икемді және серпімді тетіктерін енгізу туралы шешім қабылдады.

Жаңа тетікке сәйкес шекті мөлшерлемелер барлық қатысушы банктер үшін белгіленбейді, тек өтімділік тәуекелдеріне неғұрлым бейім және тиісінше өктем депозиттік саясатты жүргізуге бейім банктердің белгілі бір санаты үшін ғана белгіленеді. Шекті мөлшерлемелерді белгілеуге бұл тәсілді Депозиттерді сақтандыру жөніндегі Федералдық корпорация (FDIC, АҚШ) ұтымды қолданады. Қор, тек тиісті банктердің назары үшін бұрынғыдай, өзінің ресми сайтында шекті мөлшерлемелердің мөлшерін жариялайтын болады.

● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●
● ● ● ●

Банктердегі тәуекелдерді басқару мәдениетін арттыру мен қадағалауды күшейтуді ескере отырып, Қор ҚР Ұлттық Банкімен бірлесіп 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін нарығында реттеудің неғұрлым икемді және серпімді тетіктерін енгізу туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді белгілеу үшін бағдарды нарық қалыптастыратын болады. Банктер бұрынғыдай өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді өз бетінше белгілейтін болады, бірақ бұл ретте банктің мөлшерлемесі мен орташа өлшенген нарықтық мөлшерлеме арасындағы айырмаға байланысты жүйелік тәуекел үшін жарнаны төлейтін болады: банк мөлшерлемелерінің нарықта қалыптасқан мөлшерлемеден ауытқуы неғұрлым көп болса, оның болашақ төлемдер үшін Қордың арнайы резервіне төленетін жарнасының мөлшері де соғұрлым көп болады. Сонымен қатар егер банктің мөлшерлемесі орташа нарықтық мөлшерлемеден төмен болса, Жаңа тетікпен

резервке күнтізбелік жарналардан дисконт көзделген, нәтижесінде Қор үшін барлық қатысушы банктер бойынша жүйелік тәуекел үшін жарнаның жалпы мөлшері нөлге тең болады, яғни, нарықтан қымбат депозиттер тартатын банктер депозиттерді нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша тартатын банктердің орнына жарна «төлейтін» болады. Осылайша, нарық өзін-өзі реттейтін болады және нарықтағы мөлшерлемелердің одан әрі қозғалысы әрбір жеке банктің шешімдерінен құралады. Ал жүйелік тәуекел үшін серпінді және пропорционалды төлемді белгілеу Қордың және ҚР Ұлттық Банкінің директивті түрде араласуынсыз банктердің өктем депозиттік саясатын шектеуге мүмкіндік береді.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

4



● Садақшы

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТИҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қор заңда көзделген өз міндеттемелерін орындау мақсатында жинақтаушы негізде арнайы резерв қалыптастырады.

Арнайы резерв кепілдік берілген өтемді төлеу, банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (басқа банктерге) берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша оның міндеттемелерінің мөлшері арасындағы айырманы толтыру, кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындауға байланысты шығыстарды агент банкке өтеу, сондай-ақ

кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасының жетіспейтін бөлігін толтыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қордың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы арнайы резервінің нақты мөлшері 970,2 млрд теңгеге жетті. Қордың жарғылық капиталының 70%-ын – ескере отырып, 1 135,3 млрд теңге немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 5,6%-ын құрады.

2-КЕСТЕ.

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТИҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, млрд теңге

Арнайы резервті қалыптастыру көздері	Сома
Қатысушы банктердің жарналары	444,8
Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша	65,1
Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық айыбы	0,07
Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің 70% шегіндегі шығыстары	55,6
Арнайы резервтің активтерін және Қордың жарғысында көзделген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерді орналастырудан түсетін кірістер	505,8
Кепілді өтемді төлеу	-101,2
Барлығы:	970,2

Жарғылық капиталды ескере отырып, Қордың арнайы резервінің көлемі – заңнамада белгіленген 5% шегінен жоғары. Егер депозиттерді сақтандырудың шетелдік қорларындағы резервтер көлемімен салыстыратын болсақ, онда ҚДКБҚ резервтерінің деңгейі айтарлықтай жоғары және әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Мысалы, Канадада халықтың депозиттік базасынан депозиттерге кепілдік беру жүйесінің резерв деңгейі 0,2, Жапонияда – 0,4, Түркияда – 2,8, Чехияда – 0,8, Польшада – 1,9, ал егер ТМД елдерімен салыстырсақ, Қырғызстанда – 3,0, Тәжікстанда – 4,1, Өзбекстанда – 4,7⁷ құрайды. Халықаралық стандарттарға сәйкес депозиторларды

қорғау жүйесінің резервтері ең ірі банктердің немесе бүкіл қаржы жүйесінің депозиттік базасын өтеуге емес, күтілетін шығындар деңгейіне сәйкес келуі керек.

Барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған банк салымшыларына кепілдікті өтем төлеуді жүзеге асыру үшін Қордың арнайы резервінің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында резервтік қаржыландыру шаралары, оның ішінде қатысушы банктердің қосымша жарналары, жетіспейтін сомаға ҚР Ұлттық Банкінен қарыз алу көзделеді.


ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ЖАРНАЛАРЫ

Халықаралық стандарттарға сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесін қаржыландыру банк секторының жауапкершілігі болып табылады. Арнайы резервтің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету – банк секторының тұрақтылығына ықпал етеді, салымшылар үшін өз депозиттерін банктерден сенімін жоғалту (bank run) себебінен алуға ынталандыруды азайтады, яғни қатысушы банктер депозиттерді сақтандыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуінен тікелей пайда көреді. Қазақстандық заңнамамен қатысушы банктердің жинақтаушы негізде арнайы резервті қалыптастыру үшін Қорға тоқсан сайын жарналар төлеу міндеті айқындалды.

Жарналарды қатысушы банктер Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесі құрылған сәттен бастап төлейді: бастапқыда жарналардың бірыңғай мөлшерлемесі бойынша, ал 2007 жылдан бастап – сараланған мөлшерлемелер бойынша төледі. Жарна мөлшерлемесінің мөлшері кепілдік берілген депозиттер сомасының 0,03%-ден 0,5%-на дейін ауытқиды және әрбір қатысушы банктің тәуекел-бейініне байланысты айқындалады: қаржылық жағдайы тұрақсыз «тәуекелді» банктер үшін жарна мөлшерлемесі тұрақты банктерге қарағанда жоғары.

Бағалауды Қор қатысушы банктердің қаржылық жағдайын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін жеке моделі негізінде

жүзеге асырады. Аталған модельге сәйкес банктер 5 жіктеу тобына бөлінеді: А тобы –



Қатысушы банктер 2023 жылы төлеген күнтізбелік жарналардың жиынтық сомасы 45,1 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 12,8 млрд теңгеге артық.


тұрақты банктер, В – тұрақты банктер, С – аз тұрақты банктер, D тобы – тәуекелділігі жоғары банктер, Е тобы – дефолт ықтималдығы жоғары банктер. 2023 жылдың аяғында 17 Банк А, В және С топтарына тағайындалды, яғни олар тұрақты және орнықты банктер; тәуекел дәрежесі жоғары D тобына 2 банк тағайындалды.

Қатысушы банктер 2023 жылы төлеген күнтізбелік жарналардың жиынтық сомасы 45,1 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 12,8 млрд теңгеге артық. Жарналар сомасының едәуір ұлғаюы депозиттік базаның өсуіне байланысты. Нәтижесінде 2023 жылы күнтізбелік жарналардың жинақталған сомасы 11,3%-ға ұлғайып, 444,8 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте жарналарды анықтау және төлеу жүйесінің логикасына сүйене отырып, 2023 жылы төленген жарналар құрылымындағы тәуекел дәрежесі жоғары банктердің үлесі тұрақты банктердің үлесінен жоғары (8-сурет).


8-СУРЕТ.

БАНКТЕРДІҢ ЖАРНАЛАРЫ ҚАТЫСУШЫ БАНКТИҢ ТӘУЕКЕЛ-БЕЙІНІНЕ ҚАРАЙ САРАЛАНАДЫ

2023 жылғы жіктеу топтары бөлінісінде бөлшек депозиттердің үлесі



2023 жылғы жіктеу топтары бөлінісінде жарналардың үлесі



БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР

Таратылатын банктердің салымшыларына кепілдікті өтем төлеуге бағытталған ақшаны қайтаруды жеделдету мақсатында, Қордың қызметкерлері таратылатын банктің кредиторлар комитетінің құрамына кіріп қана қоймай, төленген (төленетін) кепілдік өтем сомасы бойынша Қор алдындағы берешек толық өтелген сәтке дейін тарату комиссияларының құрамында банкті таратуға қатысады. Мәселен, 2023 жыл ішінде Қор қызметкерлері «Астана Банкі» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ, «Валют-Транзит

Банк» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ тарату комиссияларының құрамына кірді, соңғы үш банкте – тарату комиссияларының Төрағалары ретінде кірді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тарату комиссиялары Қордың 64,3 млрд теңгеге немесе 55,3% талаптарын қанағаттандырды. Оның ішінде 2023 жылы таратылатын банктердің міндеттемелерін өтеуден Қордың арнайы резервіне келіп түскен түсімдер 4,97 млрд теңгені немесе таратылатын банктер Қорға төлеген барлық соманың 7,7%-ын құрады.

3-КЕСТЕ.

ТАРАТЫЛАТЫН БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚОР ТАЛАПТАРЫН
01.01.2024 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ҚАНАҒАТТАНДЫРУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, млн тенге



Таратылатын банктің атауы	Кезектілік	Таратылатын банкке Қордың талаптарының барлығы	01.01.2024 қарай Қор талаптарын қанағаттандыру		Оның ішінде 2023 жылы өтелгені
			теңге	%	
«Валют-Транзит Банк» АҚ	3 кезектен	18 340,9	10 718,0	58,4%	40,0
	8 кезектен	28,1			
«Qazaq Banki» АҚ	2 кезектен	20 516,8	5 540,0	27,0%	815,0
	8 кезектен	145,7			
«Астана Банкі» АҚ	2 кезектен	37 591,1	24 663,0	65,6%	1 997,0
	8 кезектен	323,4			
«Delta Bank» АҚ	3 кезектен	201,2	201,2	100,0%	
	8 кезектен	1,7			
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	2 кезектен	258,3	258,3	100,0%	
	8 кезектен	2,2			
«Қазинвестбанк» АҚ	3 кезектен	2,0	2,0	100,0%	0,1
	8 кезектен	8,5	0,6	6,4%	
«Tengri Bank» АҚ	2 кезектен	17 755,1	17 755,1	100,0%	
	8 кезектен	64,0			
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ	2 кезектен	19 088,6	3 460,2	18,1%	2 120,7
	8 кезектен	284,4			
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	2 кезектен	1 685,2	1 685,2	100,0%	
	8 кезектен	6,9	0,3		
Барлығы		116 304,1	64 284,0	55,3%	4 973,1

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

5



● Ақорда, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы, Астана қ.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты олардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Қор өз активтерін тәуекелі төмен қаржы құралдарына инвестициялауға бағытталған. Осы тәсілге сәйкес Инвестициялық саясат шығындар тәуекелін азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқару шарттарын анықтайды.

Қордың активтерін инвестициялауды ҚР ҰБ Басқармасының 14 шілде 2021 жылғы №68 қаулысымен бекітілген, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау тәртібімен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарына Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 қарашадағы №33 шешімімен бекітілген, Қордың инвестициялық саясатына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын ҚР Ұлттық Банкі атынан сенімгерлік басқарушы жүзеге асырады.

Осылайша нарықтың қалыптасқан жағдаятын ескере отырып, Қордың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы активтері «ВВ-/Вa3» төмен емес рейтингі бар жоғары өтімді бағалы қағаздарға орналастырылды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары, ҚР ҰБ депозиттері, Еуропалық қайта құру және даму

банкінің, Еуразиялық даму банкінің, Азия даму банкінің, Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары.

Бұл ретте Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №19 шешімімен өзінің валюталық міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында Инвестициялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар арнайы резерв қоржындарының активтерін өтімділігі жоғары валюта құралдарына (5 жылға дейінгі мерзіммен АҚШ МБҚ) 15%-ға дейін инвестициялауды көздейді.

ҚОРЖЫН ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың активтер базасы жыл бойына өсе берді. ДКБЖ-ге қатысушы банктердің күнтізбелік жарналары 2023 жылы 45,1 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 39,6%-ға (+12,8 млрд теңге) жоғары.

Қор активтерін орналастырудан түскен инвестициялық табыс 2023 жылы 137,6 млрд теңге болды, оның ішінде арнайы резерв активтері есебінен 111,1 млрд теңгені, меншікті активтері есебінен 26,5 млрд теңгені құрады. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 21,4%-ға (+24 млрд теңге) жоғары.

4-КЕСТЕ.

ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІНІҢ ҚОРЖЫНЫ, млрд теңге

Атауы	2023 жылғы 31 желтоқсанға қарай	Қоржындағы үлесі, %
ЕҚДБ, ЕАДБ, АДБ, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	64,4	6
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	80,0	8
ҚР ҰБ депозиттері	12,9	1
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	741,7	72
АҚШ үкіметінің облигациялары	134,1	13
БАРЛЫҒЫ	1 033,1	100

Қордың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы инвестициялық қоржындарының жиынтық мөлшері 1 268,4 млрд теңгені құрады, оның ішінде 235,2 млрд теңге – өз активтері бойынша және 1 033,1 млрд теңге – арнайы резерв бойынша.

Сондай-ақ 2023 жылғы 1 қазанда Қор борыштық бағалы қағаздардың бизнес-моделін

бағалауды өзгерту туралы шешім қабылдағанын және активтерді амортизацияланған құн бойынша бағалаудан басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалауға қайта жіктеуді жүргізгенін атап өтеміз. Осы қайта жіктеудің әсері басқа жиынтық табыстың құрамында 109,0 млрд теңгені құрады.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

6




● Киіз үй

КЕПІЛДІ ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023

2022 жылы Қор салымшылардың зейнетақы шоттарына талап етілмеген өтем сомаларын аудара отырып («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» (АзияКредит Банкі) АҚ, «Capital Bank Kazakhstan») **АҚ таратылатын 9 банктің салымшыларына кепілді өтем төлеуді аяқтады** («Комирбанк» ААҚ және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ бойынша төлемдер 2009 және 2019 жылдары банктердің түпкілікті таратылуына байланысты аяқталды).



Заңға сәйкес Қор салымшыларда белгіленген төлем кезеңінде өтініш жасауға кедергі келтіретін дәлелді себептер болған кезде өтем төлеуге өтініш қабылдауды жалғастырады. Мұндай себептердің тізбесі заңнамалық деңгейде айқындалған. Өтініштер банк түпкілікті таратылғанға дейін не ерікті зейнетақы жарналары есебінен салымшылардың зейнетақы төлемдеріне құқықтары басталғанға дейін беріле алады (талап етілмеген өтем сомалары олардың зейнетақы шоттарына аударылған жағдайда).

Осылайша есепті жылы Қор дәлелді себептермен жалпы сомасы 50⁸ млн теңгеге кепілдікті өтем төлеуді жүзеге асырды.

Сонымен қатар Қор қазіргі уақытта сақтандыру жағдайы туындаған кезде кепілдік берілген қаражатты қайтаруды жедел және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін алдын алу шараларын іске асыруға бейімделген.

Осылайша азаматтардың депозиттері банктік шот (салым) шарттарын жасасқан сәттен бастап кепілдікте болатынын назарға ала отырып, Қор тұрақты негізде⁹ банктердің кепілдік берілген қаражатты есепке алуға белгіленген талаптарды орындауына мониторинг жүргізу бойынша кешенді іс-шаралар жүргізеді. Бұл іс-шаралар төлем үшін ақпараттың уақтылы және сапалы қалыптасуын

қамтамасыз етуге, яғни әрбір банктің кез келген күнге депозиторлар тізілімін қалыптастыруға дайындығына бағытталған. Есепті жылы Қор осындай іс-шараларды бес банкте өткізді, оның ішінде үш іс-шара банктердің бұрын анықталған сәйкессіздіктерді жою тұрғысынан қайталанды.

Сонымен қатар 2023 жылы банктердің арнайы әзірленген SaIT Inspect жүйесі арқылы депозиторлар тізіліміне дербес мониторинг жүргізу тәртібі айтарлықтай жаңғыртылды. Осылайша, Қор үш ай сайын қашықтық режимде депозиторлар тізілімін банктердің тексеру нәтижелеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша оларға сәйкессіздіктер бойынша түсініктемелер және (немесе) оларды жою жөніндегі ұсынымдар беру туралы, сондай-ақ, болашақ кезеңдерде бұзушылықтарды болдырмау мақсатында алдын алу шараларын қолдану жөніндегі талапты жібереді.

Сондай-ақ Қор әр алты ай сайын (сақтандыру жағдайының басталу фактісіне қарамастан) агент-банктердің алдын ала тізімін айқындауды жалғастырады, олардың ішінен сақтандыру жағдайлары басталған кезде ең қысқа мерзімде кепілдік төлеу үшін сенімді делдалды таңдай алады.

8 Кепілдік өтемақыны төлеуге байланысты шығындарды ескере отырып

9 Жыл сайын жоспар бойынша бастапқы және қайталама (бастапқы іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктердің жойылуын тексеру үшін). Бұл ретте Қор банктерде жоспардан тыс іс-шаралар өткізуге құқылы

5-КЕСТЕ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ТАРАТЫЛАТЫН 9 БАНК БОЙЫНША КЕПІЛДІКТІ ӨТЕМ ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (01.01.2024 Ж., ЖАҒДАЙ БОЙЫНША), млн теңгемен

Банк атауы	Төлем мерзімі	Қор міндеттемелерінің мөлшері		Төлем мерзімі ішінде төленді		Төлем мерзімі аяқталғаннан кейін БЖЗҚ-ға берілді		Дәлелді себептермен төленген *				Барлық төленгені *	
		саны	сома	саны	сома	саны	сома	төлем мерзімі аяқталғаннан кейін		оның ішінде 2023 жылы		саны	сома
								саны	сома	саны	сома		
«Валют-Транзит Банк» АҚ	26.03.07-01.05.22	267 285	18 340,9	63 234	17 913,0	59	11,4	–	0,0			63 293	17 924,4
«Қазинвест-банк» АҚ	13.02.18-01.05.22	293	2,1	12	2,0	53	0,1	–	0,0			65	2,1
«Delta Bank» АҚ	17.05.18-01.05.22	2 668	201,2	329	107,3	1 209	21,6	–	0,0			1 538	129
«Qazaq Banki» АҚ	24.12.18-01.05.22	18 001	20 516,8	6 011	20 367,3	10 526	112,8	–	0,0			16 537	20 480,1
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	04.02.19-01.05.22	299	258,3	120	256,9	141	1,1	–	0,0			261	258
«Астана Банкі» АҚ	26.01.19-01.05.22	268 457	37 591,1**	63 840	37 204,9	180 512	303,2	2	9,7***	1	9,2	244 353	37 517,4***
«Tengri Bank» АҚ	30.09.20-01.05.22	36 583	17 755,2	7 779	17 537,8	22 706	95,3	6	26,3	5	26,2	30 491	17 659,4
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ	24.02.21-01.05.22	23 153	19 088,6	5 692	18 559,1	14 509	196,7	10	14,5	10	14,5	20 211	18 770,3
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	03.07.21-03.07.22	47 353	1 685,2	989	1 553,8	41 134	88,4	–	0,0			42 123	1 642,2
Барлығы		664 092	115 439,4	148 006	113 502,2	270 849	830,5	18	50,5***	16	50	418 872	114 382,7***

* кепілдік өтемі төлеуге байланысты шығыстарды ескере отырып

** банктің тарату комиссиясының міндеттеме мөлшерін түзетуді ескере отырып


*** салымшының дәлелді себеппен жүгінуіне байланысты БЖЗҚ-дан талап етілмеген кепілдік өтем сомасын 480,4 мың теңге көлемінде қайтаруды ескере отырып

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

7




● Хан Шатыр, ірі сауда-сауықтыру орталығы, Астана қ.

ТЕҢГЕДЕГІ САЛЫМДАРДЫ ҚОРҒАУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ

Ұлттық валютада (теңгеде) орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу бағдарламасына қатысу

Үкіметтің 2022.08.27 № 614 «Ұлттық валютада (теңгеде) орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен регламенттелген ұлттық валютада орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақстандықтардың теңгелік депозиттері бойынша өтемақыларды 2022 жылғы 24 ақпаннан 2023 жылғы 23 ақпанға дейінгі кезеңдегі депозиттегі ең аз соманың 10% мөлшерінде есептеуді көздеді.

Бағдарлама шеңберінде Қор екінші деңгейдегі банктер, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (бұдан әрі – ПКҚ) және «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚОҚ) арасындағы өтелетін депозиттер тізілімдерін,



2023 жылғы 23 ақпандағы Қор екінші деңгейдегі банктерден, ПКҚ және ҚОҚ жинаған өтелетін депозиттер тізілімдерінің негізінде 2 615 772 депозиторға өтемақыны есептеу үшін 306 651 873 753,6 теңге сомасында екінші деңгейдегі банктерге қаражат аударылды.

өтемақы сомаларын есепке алу туралы есептерді және өтемақы сомасын (сыйлықтарды) есептеуге байланысты өзге де мәліметтерді, құжаттарды алу бойынша өзара іс-қимылға бағытталған функцияны жүзеге асырды. Сондай-ақ Қор екінші деңгейдегі банктер дайындаған, өтелетін депозиттердің тізілімдерін

жинауды, тізілімдерді тексеруді, екінші деңгейдегі банктер тізілімдерінің деректері бойынша өтемақының жиынтық сомасын ПКҚ-ға жіберуді жүзеге асырды.

2023 жылғы маусымнан желтоқсанға дейінгі кезеңде Қор қатысушы банктердің тоғыз қатысушы банктегі өзара іс-қимыл туралы келісімде айқындалған тәртіппен қағидалар талаптарына сәйкестігіне өтемақы (сыйлықақы) сомаларын есептеуін іріктеп тексеруді (мониторингтеуді) жүзеге асырды: «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ, «КЗИ Банк» АҚ ЕБ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Банк РБК» АҚ, «Береке Банк» АҚ, «Хоум Кредит Банкі» АҚ ЕБ, «Банк Центркредит» АҚ.

2023 жылғы 23 ақпандағы Қор екінші деңгейдегі банктерден, ПКҚ және ҚОҚ жинаған өтелетін депозиттер тізілімдерінің негізінде 2 615 772 депозиторға өтемақыны есептеу үшін 306 651 873 753,6 теңге сомасында екінші деңгейдегі банктерге қаражат аударылды.

6-КЕСТЕ.**ЕДБ БӨЛІНІСІНДЕГІ СТАТИСТИКА, млн теңге**

№	ЕДБ атауы	Депозитор-лар саны	2023 жылғы 23 ақпандағы операциялық күннің соңына ұлттық валютадағы (теңгедегі) өтемақы сомасы
1	2	3	4
1	«Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ	1	0,24
2	«КЗИ Банк» АҚ ЕБ	16	5
3	«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ	62	11
4	«ВТБ Банкі» АҚ ЕҰ (Қазақстан)	767	342
5	«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ	2 336	821
6	«Altyn Bank» АҚ	2 202	961
7	«Нұрбанк» АҚ	8 478	3 003
8	«Bank RBK» АҚ	8 874	3 630
9	«Bereke Bank»	13 232	4 154
10	«ForteBank» АҚ	27 457	6 183
11	«Хоум Кредит Банкі» АҚ ЕБ	51 449	8 038
12	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	36 628	9 057
13	«Еуразиялық банк» АҚ	28 792	10 469
14	«Банк ЦентрКредит» АҚ	32 662	12 205
15	«Қазақстан Халық банкі» АҚ	310 252	66 229
16	«Kaspi Bank» АҚ	1 237 906	66 397
17	«Отбасы банкі» АҚ	854 658	115 147
Барлығы		2 615 772	306 652




KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

8



● Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры, Алматы қ.

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023

Цифрландырудың келешегі

Қор жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қордың бизнес-процестеріне Қордың салымшылармен, банктермен, мемлекеттік ұйымдармен және сыртқы контрагенттермен өзара іс-қимылын айтарлықтай өзгертуге және жақсартуға мүмкіндік беретін заманауи технологияларды енгізу қажет. Мәселен, бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде есепті жылы Қор бірнеше бағыттар бойынша іс-шаралар өткізді:



ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

2023 жылғы қаңтардан бастап Қордың құжат айналымы Documentolog Platform бағдарламалық өнімінде жүзеге асырылады. Қордың кадрлық әкімшілігі мен құжат айналымын автоматтандыру жүргізілді, ол қағазсыз құжат айналымы жүйесіне көшуге, сондай-ақ еңбек тиімділігі мен сапасын арттыруға, адами факторға байланысты тәуекелді жоюға мүмкіндік береді.

Депозиторлардың тізімдерін тексеру бойынша Salt Inspect АЖ жетілдіру

Есепті жыл ішінде депозиторлар тізілімін автоматты тексерудің кейбір қағидаларын жаңғырту, сондай-ақ Қорға тоқсан сайын осы банктерге қашықтықтан талдау жүргізуге (дербес мониторинг рәсімдері шеңберінде, банктер тарапынан кешенді іс-шаралар жүргізбестен) бұзушылықтардың себептерін анықтауға, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды нақтылауға және соның салдарынан барлық банктерде депозиторлар тізілімінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бұзушылықтар статистикасын шығару және нақтылау жүзеге асырылды.

Болашақта Қор salt Inspect АЖ анықталған бұзушылықтар бойынша егжей-тегжейлі статистикалық деректерді есептеу рәсімдерін автоматтандыруды жалғастырады. Бұл банктерде іс-шараларды жүргізу кезінде

оларды талдау рәсімдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қор банктермен бірлесіп бағдарламалық жасақтаманы дамытудың заманауи үрдістерін ескере отырып, Salt Inspect АЖ жаңа нұсқасын әзірлеу туралы мәселені қарауды жоспарлап отыр.

Тұтастай алғанда, банктер депозиторларының тізілімінің сапасын бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген алдын алу іс-шаралары сақтандыру жағдайы басталған кезде, депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу рәсімін уақтылы және сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Кепілдіктерді төлеудің автоматтандырылған тәртібі үшін шешімдерді қалыптастыру

Цифрлық технологиялардың прогрессивті дамуын және банк салымшыларын сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілдік алудың оңтайлы және жедел тәсілімен қамтамасыз ету қажеттілігін назарға ала отырып, Қор озық цифрлық технологияларды пайдалана отырып, төлемдердің жаңа автоматтандырылған тәртібін қалыптастырады. Жаңа тәртіп төлем процесінің барлық қатысушыларының тиімді өзара іс-қимылына да, салымшылардың қаражатын мүмкіндігінше қысқа мерзімде толық көлемде қайтару үшін оңтайлы шешімдерді іздеуге де бағытталған.



Бұдан басқа, төлем рәсімдерінің тиімділігінде лицензиясы жоқ банктің¹⁰ уақытша әкімшілігі ұсынатын төлем үшін ақпараттың (базаның) сапасы маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, Қор ҚР Ұлттық Банкпен бірлесіп, клиенттердің деректерін тексеру үшін, оның ішінде мемлекеттік дерекқорлармен электрондық өзара іс-қимыл арқылы мүмкін болатын құралдарды зерделеу және іздеу жоспарлануда.

Жарналарды, шекті мөлшерлемелерді және талдамалық зерттеулерді есептеуді автоматтандыру

Қордың бизнес-процестерін цифрландыру және оның талдамалық функционалын күшейту шеңберінде қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалау және жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу үшін жаңа ақпараттық жүйені әзірлеу мақсаты қойылды. Осы бағытта 2023 жылы Қор өзінің деректер қоймасын құру және ҚР ҰБ ақпараттық ресурстарымен жүйелі интеграциялану үшін IT-шешімдерді қарау бойынша кезең-кезеңмен жұмыс бастады. Мұндай шешім пәндік-бағдарланған аймақтың деректерін орталықтандырылған, сенімді сақтау есебінен депозиттерге кепілдік беру саласындағы талдамалық сұраныстардың жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді және

болашақта оның қызметін кеңейту жағдайында Қордың бизнес-процестерін одан әрі автоматтандыруды іске асыруға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде 25-тен астам өнім берушілермен жүргізілген келіссөздер және мақсатты архитектураны ҚР Ұлттық Банкімен келісу нәтижелері бойынша бизнес-талаптар мен ақпараттық жүйенің тұжырымдамасы әзірленді. 2024 жылы Қор ҚР ҰБ жүйесіндегі автоматтандырудың бірыңғай тұжырымдамасын ескере отырып, осы бағытта жұмысын жалғастырады. Болашақта әзірленген ақпараттық жүйе банк секторындағы өзгерістерге жедел ден қою үшін банктердің және депозиттік нарықтың қаржылық жағдайына мониторингті күшейтуге мүмкіндік береді.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

2023 жылы Қор жаңа технологияларды игере отырып, белсенді дамуын жалғастырды. Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік мәселелері одан да маңызды бола бастады және Қор ақпараттық активтерді қорғауды қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар қабылдады.

Ақпараттық қауіпсіздікті дамыту жөніндегі қызмет ISO/IEC 27001:2015 «Ақпараттық технологиялар. Қорғау әдістері. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар» халықаралық стандартына және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарға (бұдан әрі – Бірыңғай талаптар) және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негізделген.

Қор ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен жағдайлары туралы ақпараттандыру және бірыңғай талаптарды сақтау үшін ҚР Ұлттық Банкімен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойды.

Жол картасын орындау үшін келесі ақпараттық қауіпсіздік жүйелері енгізілді:

1. SIEM (Security Information and Event Management) – бұл нақты уақыттағы

¹⁰ ҚР резиденті емес банк филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын тарату комиссиясы.

ақпараттың қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету үшін құрылған жүйе.

2. PAM (Privileged Access Management) – бұл ұйымдағы ең құнды ақпаратқа қол жеткізуді қатаң бақылауды қамтамасыз ететін артықшылықты қол жеткізуді басқарудың жоғары тиімді шешімі.
3. NTA (Network Traffic Analysis) – бұл желідегі әдеттен тыс және зиянды әрекеттерді анықтайтын және оларға жауап беретін ақылды желілік трафикті талдау шешімі.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) шеңберінде 3-деңгейдегі жаңа ішкі нормативті құжаттарды (ІНҚ) әзірлеуді, сондай-ақ екінші деңгейдегі қолданыстағы құжаттарды жаңартуды қоса алғанда, қосымша жұмыстар жүргізілді. Коммутациялық жабдықтар паркін жаңғырту, желіні қатаң сегменттеуді енгізу және деректер орталығын Tier 3 деңгейіне ауыстыру, бұл ақпараттық

инфрақұрылымды қорғау мен сенімділік деңгейін едәуір арттырды.

Қор тиімді қорғауды қамтамасыз ете отырып, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдерге сәтті бейімделеді. Осылайша тәуекелдер мен қауіптер деңгейін төмендетуге қол жеткізілді. Қызметкерлерге ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты тренингтер мен семинарлар өткізілді. Бағалау персоналдың хабардарлық деңгейінің жоғарылауын және ішкі қатерлер қаупінің төмендеуін көрсетті.

Келесі жылы қауіпсіздік жүйелерін жақсартуды жалғастыру, қорғаудың жаңа технологияларын енгізу және ақпараттық ресурстардың қорғалуына мониторингті күшейту жоспарлануда. Сондай-ақ қызметкерлерді оқыту және олардың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы хабардарлығын арттыру жалғастырылатын болады.




KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОҒАМЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ


9



● Фонтандар, қаланың көрнекі жерлері, Атырау қ.

АҚПАРАТ БЕРУ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023



ХАЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жұмысының басым бағыттары арасында ақпарат беру-түсіндіру қызметі ерекшеленеді. Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы халықты сенімді, уақтылы және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қаржы секторының тұрақтылығын қолдау жөніндегі біздің миссиямыздың ажырамас бөлігі болып табылады.

Аудиторияны кеңінен қамтуды қамтамасыз ету үшін біз Қордың ресми сайтындағы жарияланымдардан бастап БАҚ пен әлеуметтік желілердегі ақпараттық материалдарға дейін түрлі коммуникациялық арналарды белсенді қолданамыз. Біздің 1460 қысқа нөмірлі байланыс орталығымыз салымшылармен кері байланыс жасау үшін ыңғайлы құралға айналды.

Ағымдағы есепті кезеңде барлық таратылатын банктер бойынша кепілді өтемді төлеу мерзімінің аяқталуына байланысты біздің ақпараттық жұмысымыздың негізгі тақырыптары дәлелді себептермен кепілді өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі болды. Қор халықты дәлелді себептерге байланысты төлем алуға өтініш беру мерзімін өткізіп алған жағдайда өтем алуға өтініш беру қажеттігі туралы үнемі хабардар етіп отырды. Дәл соларға не жататынын, қандай растайтын құжаттар талап етілетінін және өтініштер қалай

берілетінін түсіндірді. Сонымен қатар Қор корпоративтік шоттардағы салымшылардың сұрақтарына жауап бере отырып, белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ҚДКБҚ сайтында «Сұрақ-жауап» айдары мен тақырыптық материалдар арқылы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізілді.

Қордың бастамасы бойынша депозиттерге кепілдік беру тетіктері туралы халықты хабардар етуді күшейту үшін 2023 жылғы 1 шілдеден бастап барлық қатысушы банктерде хабарламаның жаңа нысаны да қолданылады, ол арқылы банктер банктік салым/шот шартын жасасу кезеңінде Клиентті кепілдік шарттарымен, оның ішінде өтем сомасын есептеу ерекшеліктерімен, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде клиентке өтем төлеу тәртібі мен мерзімдерімен таныстыруға міндетті (ақпараттандыру жазбаша / қашықтан / банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына қосылу жолымен жүзеге асырылады). Сондай-ақ хабарламаның жаңа нысанына сәйкес қатысушы банктер міндетті түрде клиентті салымның/шоттың негізгі шарттары туралы ақпаратпен таныстыруды қамтамасыз етеді. Мәселен, өтініш арнасына қарамастан, салымшыға депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша кепілдіктің ең жоғары сомасы, сондай-ақ оның түрі, валютасы және қаражатты алу шарттары туралы ақпарат ал-

дын ала қолжетімді болады (ақпарат салым/шот ашу кезеңінде клиентке ұсынылатын өнімді ашуға арналған өтініште, шартта немесе өзге де құжатта көрсетіледі).

Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қор өткен жылы банктерге банктік салым шарттары мен банктік шот бойынша негізгі ақпаратты қабылдауға ыңғайлы нысанда ашу бойынша бірыңғай талаптарды бекіту бойынша заңнамаға түзетулер енгізуге бастамашылық жасады. Бұл түзетулер клиенттің банктік салымның және (немесе) банктік шоттың маңызды талаптарына жіті назар аудару керектігіне және өзіне салымды асықтастан, ойланып, ақылға салып таңдау қажеттігіне бағытталған.

Соңғы уақытқа дейін қолданыстағы заңнамада банктік салым шартын және банктік шотты ашуға және ресімдеуге ерекше талаптар қойылмаған. Нәтижесінде банктік салымның талаптары және банктік шоттың форматы шарттың барлық талаптарын клиенттің түсініп, тез ұғынуына ықпал ете бермейтін. Тағы бір қиындық салымшылардың-жеке тұлғалардың банктік салымдардың түрлері

мен олардың талаптарына қатысты айырмашылықтарды түсінбеуі болды. Бұл көбінесе салымшының таңдауын анықтайтын факторлар болып табылады.

Қатысушы банктер үшін жүргізілген жұмыстың нәтижесінде кестелік нысанда Шарттың басында банктік шот және банктік салым шарты бойынша негізгі талаптарды көрсету және жасасу нысанына қарамастан (қағазда немесе электрондық форматта) 2024 жылдың 7 тамызында күшіне енетін банктік салым шарты және (немесе) банктік шот жасалғанға дейін клиенттің олармен танысқанын жазбаша растау туралы талаптар белгіленді.

Қордың пікірінше, ақпараттандырудың жетілдірілген тәртібі қазақстандық банктердің салымшыларына банкті лицензиядан айыру кезінде қаражатты кепілдікпен қамту деңгейін алдын ала түсінуге және лимиттер асып кеткен жағдайда қаражатты заңнамада белгіленген кепілдіктің ең жоғары мөлшері шегінде бірнеше банктерге орналастыру арқылы уақтылы әртараптандыруға көмектеседі.

БАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

2023 жылы Қор ақпараттық кеңістікте белсенді жұмыс істеді, сайтта және әлеуметтік желілерде депозиттерге кепілдік берудің негізгі аспектілерін және өз қызметін баспасөз хабарламаларын, талдамалы материалдар мен жедел ақпараттық хабарламаларды жариялау арқылы паш етті. Бір жыл ішінде баспасөз хабарламаларының жалпы саны 65 бірлікті құрады, Қор сайтының тиісті бөлімінде депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі туралы қосымша ақпарат орналастырылды. Бұл ретте, жарияланымдардың негізгі бөлігі депозиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелерінің мөлшері туралы (жарияланымдардың жалпы санының шамамен 30%-ы) ай сайынғы хабарландырулар болған өткен жылмен салыстырғанда 2023 жылы, оның ішінде шекті мөлшерлемелерді жариялау тәсілінің өзгеруін қосқанда, қаржылық сауаттылық мәсе-

лелері бойынша көбірек мақалалар шығарылды.

Сондай-ақ Қордың әлеуметтік желілерде болуына ерекше назар аударылады, онда негізгі оқиғалар, депозиттерге кепілдік беру саласындағы инновациялар және қаржылық сауаттылық мәселелері туралы хабарламалар тұрақты түрде орналастырылады. Instagram, Telegram және Facebook платформаларында 2023 жылы Қордың аккаунттарында қазақ және орыс тілдерінде 290 жазба жарияланды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 45%-ға артық.

Әлеуметтік желілер халықтан кері байланыс алуға маңызды рөл атқарады, Қор пайдаланушылардың сұрақтары мен пікірлеріне, соның ішінде Қор басшылығына қарым-қатынас процесіне жедел жауап береді.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылатындықтан, ҚДКБҚ қызметіндегі маңызды элементтердің бірі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру болып қала береді.

Есепті жылы Қор қаржылық сауаттылықтың әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде депозит түрлері, кепілдік мөлшерлері, депозиттік төлемдерді алу ерекшеліктері және салымшыларға жинақтары туралы парасатты шешімдер қабылдауға көмектесетін басқа да маңызды тақырыптарға арналған материалдарды жариялай отырып, осы бағытта жұмысын жалғастырды.

Бұл ретте 2023 жылы Қор ақпарат беру арналарын кеңейтті және дәстүрлі жарияланымдардан басқа, «Хабар 24» және «Алматы» ұлттық телеарналары үшін бейне түсініктемелер, сондай-ақ Алматы қаласының экономикалық колледжінің студенттері үшін көшпелі дәрістер өткізу сияқты тиімді құралдарды пайдаланды, онда тек ДКБЖ туралы ғана емес, жалпы қаржылық сауаттылық бойынша да ақпарат беріледі. Біз студенттерге қаржылық сауаттылықты оқытудың келешегі зор екендігін түсінеміз. Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы білім алған студенттер болашақта банктердің белсенді клиенттері бола алады және ДКБЖ туралы білім ала отырып, неғұрлым сенімді қаржы институттарын таңдауға бейім болады. Сонымен қатар студенттер өздерінің таныстарына, отбасыларына және достарына ДКБЖ және Қор туралы ақпаратты таратуда тиімді делдал болып табылады. Бұл қоғамның депозиттерді қорғау туралы хабардарлығын арттыруға ықпал етеді және қаржылық тұрақтылықтың маңыздылығы туралы көбірек түсінік береді.

Халықтың салымдарға кепілдік беру жүйесі туралы хабардар болу деңгейін бағалау үшін Қор 2023 жылы әлеуметтік желілердегі өз



арналары арқылы сауалнамаларды іске қосты. Шамамен 25 сауалнама жүргізілді, оған 5500-ге жуық адам қатысты. 2024 жылы бұл жұмысты ауқымды ету және мамандандырылған агенттікті тарта отырып, толыққанды әлеуметтік зерттеу жүргізу жоспарлануда.


Сондай-ақ 2023 жылы АҚШ-тағы банктік дағдарыстан кейін салымшылардың жылыстауына байланысты соңғы оқиғалар, ДСХҚ-ның негізгі қағидаттарына сәйкес ақпараттандырудың жаңа кешенді бағдарламасы қажет екендігін көрсетті. Бұл оқиғалар жалпы қаржылық тұрақтылық үшін жоғары тәуекелдер мен қауіптерді, сондай-ақ банк лицензиясынан айырылған жағдайда олар кепілдендірілген өтем алады деген ойды қалыптастыру үшін салымшыларға «тыныш» кезеңде ақпарат беруді ұлғайту қажет екендігін де білдіреді. Ал дағдарыс жағдайында салымшылар да өз қорғанысына сенімді болады, өйткені Қазақстандағы барлық депозиттердің 99,8%-ы ҚДКБҚ кепілдігімен қамтылған.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

10



● Медеу, биік таудағы спорт кешені, Алматы қ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023


Қор халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуге және салымдарды сақтандыру саласында тәжірибе алмасуға ұмтылады. Халықаралық іс-шараларға қатысу ақпарат алмасу кеңістігінде болуға, екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге, өзекті ақпараттарды алуға, Қордың қызметіне қатысты мәселелер бойынша кеңес алуға және жұмысты жақсарту үшін тәжірибені және жалпы депозиттерге кепілдік беру жүйесін қолдануға мүмкіндік береді. Қор Халықаралық қызметті үш бағыт бойынша жүргізеді:

1. ДСХҚ комитеттерінің жұмысына қатысу;
2. шетелдік депозиттерді сақтандырушылармен екіжақты ынтымақтастық және тәжірибе алмасу;
3. ЕЭО елдерінің депозиттерді сақтандыру саласындағы заңнамаларын өзара үйлестіру мәселелері жөніндегі сараптамалық топтың жұмысына қатысу.

Есепті жылы Қор шетелдік депозиттерді сақтандырушылармен де ДСХҚ қызметі шеңберінде жұмысын жалғастырды.

2023 жылғы мамырда Қор Фукуока қаласындағы (Жапония) Азия-Тынық мұхиты өңірлік комитетінің отырысына, ал 2023 жылғы маусымда ҰБТ-ның Ұлан-Батор қаласындағы (Моңғолия) МАСД Еуразиялық өңірлік комитетінің отырысына қатысты.

ДСХҚ Атқарушы кеңесінің мүшесі бола отырып, Қор Төрағасы есепті кезеңде 2 отырысқа қатысты. ДСХҚ Атқарушы кеңесі 25 мүшеден тұрады және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге арналған ДСХҚ басқарушы органы болып табылады.



2023 жылғы маусымда ДСХҚ Атқарушы кеңесінің шешімімен 1 жыл мерзімге ДСХҚ қызметі мен құрылымын реформалау жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Қордың Төрағасы, ДСХҚ Атқарушы кеңесінің мүшесі ретінде де осы жұмыс тобына кірді. 2023 жылдың тамызында Бруненн қаласында (Швейцария) Қор



Төрағасы топтың бетпе-бет отырысына қатысты.

Бұдан басқа, 2023 жылғы қыркүйекте Бостон қаласында (АҚШ) Қор «Жүйелік тәуекелдерді табысты басқару: Мазасыз әлемде салымдарды сақтандыру» тақырыбында өткен ДСХҚ жалпы жылдық конференциясына, техникалық комитеттердің отырыстарына, сондай-ақ ДСХҚ Еуразиялық және Азия-Тынық мұхиты өңірлік комитеттерінің отырыстарына қатысты.

Халықаралық қызметке қатысу депозиттер мен ДСХҚ сақтандырушыларынан Қор үшін

Халықаралық іс-шараларға қатысу ақпарат алмасу кеңістігінде болуға, екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге, өзекті ақпараттарды алуға мүмкіндік береді.

өзекті мәселелер бойынша кеңестер алуға және екі жақты ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік берді. Ұлыбританияның депозиттерді сақтандырушы ұйымының өкілі депозиторлар тізілімін жүргізу туралы әңгімеледі. Сондай-ақ Қор ірі және жүйелі маңызды банктер үшін жарналар, депозиттерді кепілдікпен қамту деңгейін есептеу,

төленбеген сақтандыру жарналарын өндіріп алу мәселелері бойынша кеңес алды. Қазіргі уақытта ДСХҚ-мен Қордың өтініші бойынша жарнаның сараланған мөлшерлемелері бойынша сауалнама құру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Бұл болашақта банктерді бағалау моделін жақсарту үшін пайдаланылатын болады. Екіжақты ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмыс шеңберінде 2023 жылғы маусымда Моңғолияның депозиттерге кепілдік беру жөніндегі корпорациясымен өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. 2023 жылдың желтоқсанында Түркияның жинақ салымдарды сақтандыру қорымен өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды. Сондай-ақ Индонезияның депозиттерге кепілдік беру корпорациясымен өзара түсіністік туралы Меморандум жаңартылды.

Интеграциялық процестер шеңберінде Қор Еуразиялық экономикалық комиссияның қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитеті жанындағы ЕЭО аумағында банктік салымдарды (депозиттерді) сақтандыру (кепілдік беру), кредиттік ұйымдарды жақсарту және тарату саласындағы заңнаманы үйлестіру мәселелері жөніндегі сараптамалық топтың отырыстарына тұрақты негізде белсенді қатысады.

Есепті жылы Қор сараптамалық топтың 9 отырысына қатысты. Сараптама тобының мүшелері банктің қаржылық тұрақтылығы мен

дәрменсіздігін реттеу, депозиттерді сақтандыру жүйесі туралы жұртшылықты хабардар ету, сақтандыру өтемін төлеу үшін агент-банктерді іріктеу мәселелерін қоса алғанда, түрлі мәселелер бойынша алты сараптамалық қорытындымен келісілді.

Қор Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру агенттігімен бірлесіп, бір сараптамалық қорытынды әзірледі, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Депозиттерді қорғау агенттігімен және Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру агенттігімен бірлесіп «Салымдарды исламдық сақтандыру» тақырыбында баяндама дайындады.

2023 жылдың сәуір айында Қор Алматы қаласында Сараптамалық топтың және Басшылар кеңесінің отырысын өткізді.

2023 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің банк салымдарын сақтандыру ұйымдары басшыларының кеңесі жанынан цифрландыру, автоматтандыру және ақпараттық технологиялар саласындағы өзара іс-қимыл жөніндегі Жұмыс Тобы құрылды.

Жұмыс Тобы қызметінің мақсаты – ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің салымдарын сақтандыру жөніндегі ұйымдардың қызметінде цифрландыру, автоматтандыру және ақпараттық технологиялар саласында белсенді өзара іс-әрекет жасау және ақпарат алмасу жолымен, оның ішінде олардың халықаралық қағидаттар, стандарттар және үздік халықаралық тәжірибе негізінде кредиттік ұйымдарды реттеуге және таратуға қатысуы кезінде ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің банк салымдарын сақтандыру жүйелерінің жұмыс істеуін жетілдіру болып табылады.

Есепті жылы Қор 4 отырысқа қатысты, оның барысында Жұмыс тобының мүшелері 10 баяндама жасады, Қордан 2 баяндама дайындалды.




KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

11



● Кенесары ханның ескерткіші, Астана қ.

ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

КЕПІЛДІ ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ТЕТІГІН ДАМУ

Халыққа өз қаражатына жедел қол жеткізуді және оларды алу үшін тиімді шешімдерді ұсыну депозиттерге кепілдік беру жүйесі тиімділігінің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Бұл сақтандыру жағдайы басталған кезде әлеуметтік шиеленісті төмендетуге және халықтың банк жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Депозиттерді сақтандырушы ДСХҚ-ның Негізгі қағидаттарына сәйкес сақтандырылған салымшылардың көпшілігіне өз қаражатына жедел қол жеткізуді қамтамасыз етуі қажет (сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде). Халықаралық тәжірибеде төлемді «эталондық» мерзімде жүзеге асыруға кедергі келтіретін кедергілер болғанына қарамастан, кепілдікті тез төлеуді қамтамасыз ететін елдер саны едәуір артып келеді.

Қазақстандық тәжірибеде Қор төлемнің басталу мерзімін реформалауға 2020 жылы кірісті. Содан кейін салымшылардың өз қаражатын күту мерзімі оның есебін банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннің орнына, банкті лицензиядан айыру күніне ауыстыру арқылы едәуір қысқартылды. Мәселен, егер бұрын салымшыларға өтемнің басталуын бірнеше ай

күтуге тура келсе, енді кепілдікті төлеу банк лицензиясынан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталады, оның 20-сы банктің уақытша әкімшілігінің (ҚНРДА-мен келісім бойынша) төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде өткізу жөніндегі операцияны жүргізу (жүргізбеу) туралы шешім қабылдауына бөлінген. Іс жүзінде 2020–2021 жылдары «Tengri Bank» АҚ-да, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ-да, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-да болған соңғы үш сақтандыру жағдайында, Қор банктерді лицензиядан айырған күннен бастап, 6-8 жұмыс күні ішінде кепілді өтемді төлеуді бастады.

Осылайша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесін әлемдік стандарттарға және депозиттерді қорғаудың озық әдістемелеріне жақындату үшін Қордың алдағы таяу уақыттағы басым міндеттерінің бірі төлемдерді бастаудың заңнамалық мерзімін оңтайландыру болып табылады. Қазіргі уақытта Қор ҚНРДА-мен бірлесіп, кепілді өтемді төлеуді бастау мерзімін кезең-кезеңімен қысқарту, оның ішінде сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі проблемалық банктерді реттеудің жекелеген рәсімдерін қайта қарау жолымен шешімдер әзірлеуде. Реформаны іске асыру 2024 жылға жоспарланған.

Айта кету керек, бұл бастаманы Қазақстанның қаржы жүйесінің 2023 жылы дағдарыстарға (Financial Sector Assessment Program) дайындығын бағалау шеңберінде Халықаралық валюта қоры да қолдады.




ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНДА СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН РЕТТЕУДІҢ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІН ЕНГІЗУ МОНИТОРИНГІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап алдағы жылы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін директивті реттеу механизмінен нарықтық реттеу механизміне көшуіне байланысты, Қор бөлшек саудалық депозит нарығын реттеудің жаңа тетігінің әсерін бағалау үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу бөлігінде қатысушы банктердің іс-әрекеттеріне мониторингті және талдауды жалғастырады.

Қажет болған жағдайда банк секторы әзірлеген тетікті «жаттықтыруға» қарай Қор халықтың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеу тетігін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізетін болады.

Әсер ретінде депозиттерді тарту кезінде бағадан тыс жағдайларды жақсарту – қыз-

мет көрсету сапасын арттыру, мобильді қосымшаларды дамыту, жаңа өнімдерді әзірлеу арқылы депозиттік нарықта барабар нарықтық бағаны дамытуды және қатысушы банктер арасындағы бәсекелестікті арттыруды күтуге болады.



ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІНЕ ТӨЛЕЙТІН ЖАРНАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ

Сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілді өтемді жедел және толық төлеуді қамтамасыз ету үшін депозиттерді сақтандырушының қолжетімді және жеткілікті қаражаты болуы қажет. Осы мақсаттар үшін Қор жинақтаушы негізде қатысушы банктердің жарналары есебінен арнайы резерв қалыптастырады. Мөлшерлемелер өлшемі банктің қаржылық жағдайына байланысты сараланады: тұрақты банктер тәуекелді және тұрақсыз банктерге қарағанда төмен мөлшерлеме бойынша жарна төлейді.

Банк нарығының дамуы және реттеуші ортаның өзгеруі жарналар мөлшерлемесін есептеу әдістемесі мен тәсілдерін мерзімді қайта қарауды талап етеді. Осылайша депозиттік базаның ілгері өсуіне және 2022 жылы барлық мәжбүрлеп таратылатын банктердің депозиторларына кепілді өтем төлеудің

аяқталуына байланысты 2023 жылы арнайы резерв деңгейі заңнамалық ең төменгі шегарада болды (кепілдік берілген депозиттер сомасының 5%). Арнайы резервтің жеткіліктілігін қолдау үшін Қор ҚР Ұлттық Банкімен және банк секторымен 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап, жарналар мөлшерлемесін көтеру туралы мәселені талқылауға бастамашы болды. Банк секторы үшін қолайлы жағдайлар банктерге айтарлықтай ауыртпалық келтірмей, жарналар мөлшерлемелерін арттыру есебінен арнайы резервті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе Халықаралық валюта қорының жарналарды өндіруге қарсы циклдық тәсілді қолдану жөніндегі ұсыныстарына сәйкес келеді: экономикалық рецессия кезеңдерінде жарналар мөлшерлемесін төмендету және болашақ төлемдерді қамтамасыз ету үшін экономикалық өсу кезеңінде резервті жинақтау.

АКТИВТЕРДІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА БЕРУ ҮШІН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ДАЙЫНДАУ

Активтерді бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын жеке сенімгерлік басқарушы компаниялардың басқаруымен бәсекелестік ортаға беру үшін тиісті нормативтік құжаттарға өзгерістер бекітілді, сондай-ақ Директорлар кеңесі бекіткен 2023 жылғы 4 қазандағы №28 «Қор активтері үшін сенімгерлік басқарушылар мен кастодиандарды таңдау тәртібі» атты жаңа ішкі нормативтік құжат әзірленді. Сондай-ақ жеке сенімгерлік басқарушылардың активтерді тиімді басқару мақсатында Қордың инвестициялық саясатын өзектендіру, атап айтқанда эталондық қоржынды (бұдан әрі – эталон) енгізу қажеттілігі туындады. Қордың мақсаттарына жауап беретін бағалы

қағаздар нарығында тиісті эталонның болмауына байланысты (сақталуын және жеткілікті өтімділігін қамтамасыз ету) 2023 жылы оны ҚР Ұлттық Банкімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен бірлесіп әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында жарияланатын қажетті эталон әзірленіп, пайдалануға берілгеннен кейін Қор активтердің бірінші траншын 2024 жылы бәсекелестік ортаға беруді бастауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ Қор активтерін басқару нәтижелері бойынша жеке сенімгерлік басқарушылар басқару шарттарын бәсекелестік ортаға берілетін активтердің мөлшерін қайта қарайтын болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРҒА СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІН АРТТЫРУ

Депозиттерді сақтандырудың тиімділігін арттыру мақсатында 2009 жылы ДСХҚ депозиттерді сақтандырушылар үшін эталон болып табылатын және депозиттерге кепілдік беру жүйелерін құру немесе реформалау кезінде ескеру ұсынылатын негізгі қағидаттарды жариялады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі саласындағы халықаралық қағидаттарға сәйкестік дәрежесін арттыру тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болып табылады. Бұл депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар банк жүйесі үшін ықтимал жағымсыз салдарды азайту үшін де қажет. Депозиттерді сақтандырушылар үшін негізгі стандарт ДСХҚ депозиттеріне кепілдік берудің тиімді жүйелерінің негізгі қағидаттары болып табылады. Қор ДСХҚ ұсынымдарын барынша ұстануға тырысады. 2016 жылы Дүниежүзілік банк ҚДКБҚ қызметінің ДСХҚ негізгі қағидаттарына сәйкесті-

гіне бағалау жүргізді. Сарапшылар мемлекеттік саясаттың нақты мақсаттарын және Қор мандатын орындау үшін жеткілікті функциялардың болуын, кепілдік, мүшелік және сақтандыру өтемін төлеу, сондай-ақ халықты хабардар ету бөлігінде тиімді жұмыс істейтін жүйені атап өтті.

Қажетіне қарай ДСХҚ осы қағидаттарды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізеді. 2024 жылы осы құжатты, оның ішінде 2023 жылғы банк дағдарыстарының сабақтарын ескере отырып, өзектендіруді бастау жоспарлануда. Осыған байланысты ДСХҚ жаңартылған қағидаттарына сәйкестігін бағалау міндеті туындайды.

ДСХҚ жаңартылған қағидаттарына сәйкестікті бағалау депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімді және сенімді жұмысын қамтамасыз етудегі маңызды кезең болып табылады. Өйткені ол осал жерлерін анықтауға және болашақ даму үшін стратегиялық

басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан Қор жүйелі жетілдіруді қажет ететін негізгі бағыттарды анықтау үшін ДСХҚ жаңа қағидаттарын ескере отырып бағалау жүргізуді көздейді. Бұл Қор қызметінің әртүрлі қырларын және оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдауды қамти-

тын күрделі және көп сатылы үдеріс. Жаңартылған халықаралық стандарттарға бейімделу Қазақстанның қаржы жүйесіне деген сенімді нығайтуға және салымшыларды неғұрлым сенімді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қаржылық тұрақтылықты қаржы жүйесі нақты экономикалық қызметке кедергісіз ықпал ете алатын және күйзелістерден туындайтын қаржылық теңгерімсіздіктерді жоюға қабілетті жағдай деп анықтауға болады. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясатты үйлестіру қажет, оның бірі – проблемалық қаржы ұйымдарын реттеу.

АҚШ, Ұлыбритания және Швейцариядағы 2023 жылғы банк дағдарысы пруденциалды реттеу мен қадағалауды, банктің төлем қабілетсіздігін реттеуді, депозиттерге кепілдік беруді және соңғы сатыдағы несие берушінің қызметін қоса алғанда, қаржылық тұрақтылықты сақтау жүйесі мен дағдарысты басқару жүйесіне қатысушылардың тиімді өзара іс-қимылының маңыздылығын атап өтті.

Өз міндеттерін тиімді орындау үшін Қор өз қызметін үйлестіреді және қаржылық қауіпсіздік жүйесінің басқа қатысушыларымен ақпарат алмасады, сондай-ақ олармен арадағы ынтымақтастықты дамытуды одан әрі жалғастырады. Осылайша Қор өз мандаты шеңберінде қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес шеңберінде және ҚР Ұлттық Банкі тарапынан үйлестіру кезінде жүргізілетін дағдарысқа қарсы ішкі және ведомствоаралық жоспарлардың жалпы архитектурасын әзірлеуге қатысады.



Бұдан басқа, Қор ықтимал банктік сілкіністерді еңсеру үшін ішкі жоспарларды өзектендіруді және жүйелеуді жүргізетін болады. Қолданыстағы жоспарлар осы саладағы ДСХҚ үрдістері мен ұсынымдарын ескере отырып, сондай-ақ Қорға берілетін активтер мен проблемалық банктің кепілдік берілген депозиттері арасындағы айырма сомасына тұрақтандыру банкіне аударым операцияларын қаржыландыру жөніндегі функцияны бекітетін заңнамаға жоспарланатын түзетулерді назарға ала отырып, пысықталатын болады.

ХАЛЫҚТЫҢ ХАБАРДАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Қаржылық шешімдер күрделене түсетін қазіргі әлемде халықтың қаржылық сауаттылықтың жеткілікті деңгейіне ие болуы маңызды. Бұл жалпы қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен әл-ауқатының негізгі элементі болып табылады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы қаржылық сауаттылық пен хабардарлықтың тиісті деңгейі, атап айтқанда, азаматтарға өздерінің қаржылық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді, банк жүйесіне деген сенімге және тәуекелдерді алдын алуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде елдің тұрақтылығы мен экономикалық өсуіне жол ашады. Сондықтан халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін түсіну және болашақта оны жақсарту бойынша тиісті шараларды анықтау маңызды.

ДСХҚ депозиттеріне кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін Негіз қалаушы қағидаттарға сәйкес (10-қағидаттың 7-критерийі «Жұртшылықты ақпараттандыру») «депозиттерді сақтандырушы өзінің жұртшылықты ақпараттандыру жөніндегі қызметіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады және өз бағдарламасының немесе жұртшылықты ақпараттандыру жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне кезең-кезеңімен тәуелсіз бағалау жүргізеді». Бұл ретте нұсқаулыққа сәйкес негізгі қағидаттарға сәйкестікті бағалау үшін, депозиттер мен оның шарттары және параметрлері бойынша кепілдіктің бар екендігі туралы халықтың хабардарлығын бағалау және халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері мұндай іс-шаралардың өткізілгендігін растауы мүмкін.

Осы мақсаттар үшін 2023 жылы Қор өзінің әлеуметтік желілерінде оқырмандар арасында 5000-нан астам адам қатысқан қаржылық тақырыптағы хабардарлық деңгейін анықтау бойынша сауалнамалар жүргізді. Алайда мұндай сауалнамалардың нәтижелері қамтудың шектеулі болуына байланысты (респонденттердің саны және аумақтық

қамту) тәуелсіз зерттеумен салыстырғанда аз репрезентативті, яғни көрнекілігі төмен болып табылады. Сондықтан 2024 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы халықтың хабардар болу деңгейін, сондай-ақ ҚДКБҚ жүргізіп жатқан ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін бағалау үшін еліміздің барлық өңірлерін қамти отырып, ауқымды тәуелсіз әлеуметтік зерттеу жүргізу жоспарланған.

Сауалнама Қорға ағымдағы жағдайды айқындауға және қаржылық сауаттылықты арттыруға және қаржы қызметтері саласындағы азаматтардың мүдделерін қорғауға бағытталған ақпараттық-ағарту жұмысын кеңейту бағытын жалғастыруға мүмкіндік береді. Оның ішінде ДСХҚ-ның негізгі қағидаттарына сәйкес ақпараттандыру бағдарламасын әзірлеу. 2023 жылы АҚШ-тағы банктік дағдарыстан кейінгі соңғы оқиғалар көрсеткендей, депозиттерді жаппай алу қаупіне байланысты қаржылық тұрақтылық үшін жоғары тәуекел бар, ол Bank run деп аталады. Сондықтан «тыныш» кезеңде салымшылар үшін ақпаратты ұлғайту қажет. Олар банк лицензиядан айырылған жағдайда да оларға міндетті түрде кепілдік өтемақы төленетінін түсінуі керек.


Сонымен қатар қазіргі үрдістердің динамикасын ескере отырып, халыққа түсінікті және қолжетімді тәсілдермен ақпарат берудің маңыздылығын мойындай отырып, біз байланыс арналарын кеңейтуге ұмтыламыз. Ал 2024 жылы қаржылық мәселелер туралы ақпаратты кең аудиторияға ыңғайлы және қарапайым форматта ұсынатын бейнероликтер топтамасын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар Қор мәтіндік жарияланымдарды, соның ішінде ДКБЖ туралы талдамалы және шолу материалдарын жариялауды жалғастырады.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

12



● Қазақстан Тәуелсіздігінің монументі және Көктөбе телемұнарасы, Алматы қ.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2023

ҚОРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – Акционер) Қордың жоғары органының функцияларын жүзеге асыратын ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

ҚР ҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес Акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа берілді.

2023 жылы Акционер өзінің айрықша құзыретіне кіретін ең маңызды мәселелер бойынша үш шешім қабылдады, атап айтқанда:

- Қордың 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және таза кірісін бөлу тәртібін бекіту;
- Қордың 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің міндетті аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- Қордың Жарғысына өзгерістер енгізуді бекіту.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесі Қордың Жарғысына сәйкес Қор қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылы ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ:

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ:

А.М. Баймагамбетов, ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары, акционердің өкілі

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ:

Б.Ш. Таджияков – тәуелсіз директор

Ф.С. Карагусов – тәуелсіз директор

В.А. Тутушкин – ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары – Алматы қаласындағы ҚР ҰБ Тұрақты өкілдігінің басшысы, акционердің өкілі

О.М. Кубенбаев – ҚР ҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаментінің директоры, акционердің өкілі

А.Н. Утембаев – Қор Төрағасы

Басқару органы ретіндегі өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында есепті жылы Қордың Директорлар кеңесі 38 отырыс өткізді, онда оның айрықша құзыретіне кіретін мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды, оның ішінде:

- 2022 жылы өткізілген Қордың қызметін кешенді аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша ұсынылған ҚР ҰБ ішкі аудит департаментінің ұсынымдарының орындалуы туралы есеп қаралды;
- Қордың ақпараттық саясаты бекітілді;
- банк шоты шартын және (немесе) банк салымы шартын жасасқан клиент – жеке тұлғаны хабардар ету нысаны бекітілді;
- Қордың 2022 жылға арналған даму Жоспарының (бұдан әрі – Жоспар) орындалуы туралы есептер, 2023 жылға арналған Жоспарға түзетулер енгізу, сондай-ақ 2024 жылға арналған бюджет



көрсеткіштерімен 2022–2026 жылдарға арналған Жоспар бекітілді;

- Қордың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бірқатар құжаттары, атап айтқанда Қордың тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді;
- қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты бекітілді;
- Қордың мүдделер қақтығысын басқару саясаты бекітілді;
- Қор қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының ауқымын қайта қараумен Қордың құрылымы жаңа редакцияда бекітілді;
- Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді;
- жаңа редакцияда ұлттық және шетел валюталарында жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерін айқындау және белгілеу әдістемесі бекітілді;
- Қосылу шартына және Қордың Қосылу шартының талаптарын, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілдік берілген өтем сомаларын автоматтандырылған есепке алу жөніндегі талаптарын орындауының сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларына өзгеріс пен толықтыру бекітілді;
- Қордың Инвестициялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Ішкі аудит мәселелері бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, атап ай-

тқанда, аудиторлық тексерулер қорытындылары бойынша аудиторлық есептер, аудиторлық тексерулер қорытындылары бойынша іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептер қаралды. Қордың 2023 жылға арналған аудиторлық тексерулер жүргізудің жылдық жоспарына өзгерістер енгізілді және 2024 жылға арналған ұқсас жоспар бекітілді;

- комплаенс-бақылау мәселелері бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, атап айтқанда, 2023 жылға арналған комплаенс-бағдарламаны қалыптастыру жөніндегі Қордың комплаенс-бақылаушысының жұмыс жоспарының орындалуы жөніндегі есептер қаралды, 2024 жылға арналған тиісті жоспар бекітілді, Қор қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама қаралды;
- Қор активтерін дербес инвестициялау жөніндегі функцияны іске асыру шеңберінде Қордың активтерін сенімгерлік басқарушылар мен кастодиандарды таңдау тәртібі бекітілді;
- тоқсан сайынғы негізде Қордың Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептер қаралды және Қордың Директорлар Кеңесінің келесі кезеңге арналған жұмыс жоспарлары бекітілді;
- қажеттілігіне қарай жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы жаңадан тартылатын депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелері бекітілді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

2023 жылы комитеттердің құзыретіне кіретін мәселелерді қайта бөлу және қызметін оңтайландыру мақсатында Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ереже жаңа редакцияда бекітілді.

Есепті жылы Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері, Қордың Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында неғұрлым маңызды мәселелерді алдын ала қарау және өткізіл-

ген отырыстар шеңберінде Қордың Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді, атап айтқанда:

- Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі Комитет – **21** отырыс;
- Кадрлар жөніндегі комитет – **11** отырыс;
- Аудиторлық комитет – **12** отырыс.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Консультативтік кеңес – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін Қордың алқалы консультативтік-кеңесші органы.

Консультативтік кеңестің негізгі міндеті – қатысушы банктердің пікірлері мен ұстанымдарын ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру арқылы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

Есепті жылы Консультативтік кеңестің 11 отырыс өткізілді, онда оның құзыреті бойынша мәселелер талқыланды, атап айтқанда:

жеке тұлғалардың ұлттық және шетел валюталарында жаңадан тартылатын салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерін жаңа редакцияда айқындау және белгілеу әдістемесін қарау, сондай-ақ өтпелі кезең шеңберінде оны енгізу бойынша аралық нәтижелер;

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Комплаенс-бақылаушы Қордың корпоративтік басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және Қордағы комплаенс-тәуекелді басқару процестерін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі құжаттардың сақталуын, қызметкерлердің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқаруды және Қорда ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасқан клиентті – жеке тұлғаны хабардар ету нысанын және банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасу кезінде клиент қол қоятын өтініш немесе өзге құжат нысанына енгізілетін депозиттер бойынша кепілдік туралы ақпарат тізбесін мақұлдау;

Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді мақұлдау және Қордың қосылу шартының талаптарын ДКБЖ-ге қатысушы банктің орындауына сәйкестікті белгілеу жөніндегі, оның ішінде кепілдік берілген депозиттер және кепілдік берілген өтем сомалары бойынша қатысушы банктің міндеттемелерін автоматтандырылған есепке алу бойынша іс-шараларды жүргізу ережелері;

депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелерін арттыру жөніндегі мәселені талқылау.

Комплаенс-бақылаушы өз қызметінде Қордың Директорлар кеңесіне тікелей есеп береді және өз өкілеттігін Қордың лауазымды адамдарымен жүзеге асырады, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

2023 жылы Қордың комплаенс-бақылаушысының қызметі «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ комплаенс-бақылаушысының комплаенс-бағдарламаны қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

2023 жылы Қордың Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) Директорлар кеңесінің шешімімен әзірленді және бекітілді. Саясат келесі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

- Қор тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және мониторинг арқылы оларды тиімді басқару;
- Қорда тәуекел мәдениетінің тиісті деңгейін қалыптастыру және қолдау;
- Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, саясаттың және Қордың өзге де ЖҰТ талаптарын сақтауы;
- Қордағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жәрдемдесу;
- Қор мен оның қызметкерлерінің қызметіндегі кемшіліктерді уақтылы анықтау және жою;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингке, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;
- ықтимал жағымсыз оқиғалардың алдын алуға және азайтуға мүмкіндік беретін

тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіретін оқиғалардың туындауының алдын алу;

- Қордың тәуекелдері туралы ақпаратты жинақтау, шешімдер қабылдау және жоспарлау процесі үшін іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпараттық қор құру;
- ішкі бақылау жүйесінің бөлігі болып табылатын тәуекелдерді басқарудың жүйелі процесін қолдау.

Қосымша Саясат талаптары шеңберінде 2023 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың қаржылық тәуекелдерін басқару тәртібі және Қордың операциялық тәуекелдерін басқару тәртібі әзірленіп, бекітілді.

Тәуекелдерді бақылау және мониторингілеу процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына Қордың тәуекелдері бойынша есеп шығарылады.



ІШКІ АУДИТОР

Қордағы ішкі аудитті кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде халықаралық ішкі аудит стандарттарын (бұдан әрі – Стандарттар) басшылыққа алатын Қордың ішкі аудиторуы қамтамасыз етеді.

2023 жылы ішкі аудитордың қызметі ішкі аудиттің негізгі мақсатын, міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталды, оның шеңберінде аудиторлық тексерулердің Жылдық жоспарына және ішкі аудитордың 2023 жылға арналған жұмыстарына сәйкес 8 аудиторлық тексеру жүргізілді. Олардың нәтижелері бойынша аудит объектілеріне және Қордың мүдделі бөлімшелеріне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесінің

тиімділігін жақсарту бойынша ұсынымдар ұсынылды. Қабылданған шаралардың бара-барлығын, толықтығын және уақтылығын айқындау мақсатында аудиторлық тексерулер нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізілді.


Сондай-ақ 2023 жылы Қордың ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасына сәйкес Қордың ішкі аудиторуы қызметінің ішкі аудит Анықтамасына, ішкі аудиторлар институтының Стандарттары мен Әдеп кодексіне сәйкестігіне ішкі бағалау жүргізілді.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

13



● Бәйдібек би ескерткіші, қаланың көрнекі жерлері, Шымкент қ.

ҚАРЖЫ ЕСЕП-ҚИСАБЫ

Жылдық Есеп – 2023

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттардың баламалары	69,528,522	104,727,079
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	1,212,700,341	–
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	–	1,107,836,448
Дебиторлық қарыз	7,412,520	3,690,987
Өзге де активтер	202,910	440,375
Бейматериалдық активтер	50,077	19,921
Негізгі қорлар	69,147	48,738
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	1,289,963,517	1,216,763,548
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Бағалау міндеттемелері	56,337,340	57,934,385
Депозиторлар алдындағы кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелер	–	–
Өзге де міндеттемелер	297,937	491,771
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	56,635,277	58,426,156
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	235,794,400	235,794,400
Бөлінбеген пайда	133,013,747	115,828,743
Эмиссиялық табыс	544	647
арнайы резерв	970,240,870	804,355,658
Қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв	(108,079,265)	–
Өзге де резервтер	2,357,944	2,357,944
БАРЛЫҚ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	1,233,328,240	1,158,337,392
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	1,289,963,517	1,216,763,548

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	2023 ж.	2022 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер	137,590,097	113,320,081
Қатысушы банктердің жарналарынан түсетін кіріс және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясынан түсетін түсімдер	50,111,968	42,573,427
Депозиторлар алдындағы міндеттемелерді есептен шығару бойынша кірістер	–	1,103,221
Мәжбүрлеп таратылатын банктердің депозиторларына өтемақы бойынша шығыстар	(49,988)	(509)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржы активтерін қабылдауды тоқтатудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар	–	(322,930)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза шығын	(2,713,620)	(30)
Кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві	(1,462,894)	(146,433)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	1,597,045	3,196,108
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қабылдауды тоқтату нәтижесінде таза кірістер	530	–
Өзге де операциялық кірістер	56,339	82,625
Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(2,063,644)	(1,413,203)
Салық салуға дейінгі пайда	183,065,833	158,392,357
Корпоративтік табыс салығы бойынша өтемақы	4,383	10,094
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	183,070,216	158,402,451
Өзге де жиынтық шығын		
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қайта жіктеуден әділ құнның өзгеруі	(109,017,345)	–
Қайта жіктеуден кейін өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруі	(938,541)	–
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың шығуы нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома	(530)	–
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервінің өзгеру шамасы	1,877,151	–
Басқа шығыстар	(103)	–
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	(108,079,368)	–
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс/(залал)	(108,079,368)	–
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	74,990,848	158,402,451

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстан- дық теңгемен	Акционерлік капитал	Эмисси- ялық табыс	Ре- зервтік капитал	Қаржы ак- тивтерін қай- та бағалауға арналған резерв	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2022 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	235,794,400	647	2,357,944	–	685,322,567	76,459,383	999,934,941
Бір жылдағы пайда	–	–	–	–	–	158,402,451	158,402,451
Басқа жиынтық табыс	–	–	–	–	–	–	–
2022 жылғы жиынтық табы- стың барлығы	–	–	–	–	–	158,402,451	158,402,451
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	–	–	–	–	119,033,091	(119,033,091)	–
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	235,794,400	647	2,357,944	–	804,355,658	115,828,743	1,158,337,392
Бір жылдағы пайда	–	–	–	–	–	183,070,216	183,070,216
Басқа жиынтық табыс	–	(103)	–	(108,079,265)	–	–	(108,079,368)
2023 жылғы жиынтық табы- стың барлығы	–	(103)	–	(108,079,265)	–	183,070,216	74,990,848
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	–	–	–	–	165,885,212	(165,885,212)	–
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	235,794,400	544	2,357,944	(108,079,265)	970,240,870	133,013,747	1,233,328,240

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары		
Міндетті күнтізбелік жарналардың түсуі	41,492,546	31,478,651
Тарату комиссиясынан түсетін түсім	4,972,730	10,257,682
Орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түсімі	16,504,408	10,451,798
Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	87,070,585	84,880,733
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	14,755,160	–
Депозиторларға кепілдікті өтемақы төлеу үшін агент банктерге аудару	–	(206,447)
«Кері репо» операциялары бойынша алынған сыйақы	–	26,119
Депозиторлар талап етпеген соманы агент-банктен қайтару	–	949,518
БЖЗҚ-дан қайтару	–	480
Депозиторларға кепілдікті өтемақы төлеу	(49,988)	(835,252)
Алынған басқа операциялық кірістер	8,173	13,026
Персоналды қамсыздандыруға төленген шығыстар	(952,512)	(639,686)
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(845,024)	(725,629)
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар	162,956,078	135,650,993
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары		
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(312,052,461)	(412,611,818)
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	182,746,983	211,067,000
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(119,519,332)	–
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	50,000,000	–
Негізгі қорларды сатып алу	(42,511)	(12,541)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(59,492)	(12,019)

Мың қазақстандық теңгемен	2023 ж.	2022 ж.
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражаттар	(198,926,813)	(201,569,378)
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және ақша қаражаттарының баламаларына әсері	804,144	–
Күтілетін кредиттік залалдар үшін ақша және ақшалай баламалар бойынша бағалау резерві	(31,966)	–
Ақшалай қаражаттар мен ақшалай қаражаттардың баламаларының таза жылыстауы	(35,166,591)	(65,918,385)
Жыл басындағы ақшалай қаражаттар мен ақшалай қаражаттардың баламалары	104,727,079	170,645,464
Жыл соңындағы ақшалай қаражаттар мен ақшалай қаражаттардың баламалары	69,528,522	104,727,079



Алматы қ., А05В0У8, Әйтеке би к., 67 4-қабат

Астана қ., Z01A5AF2, Малика Габдуллина көшесі, 18, №5-кеңсе

Тел. +7 (727) 312-24-49



Арнайы резерв
Баланс агент
Мәдәрдә
андыру
идлігі
аржы
стылығ
шылар
ұрғалуы
Сенімді
нығайту
Жүйенің
стресске
Кепілдің
Де
Депози
ес
Кепілді
өтеу
талем

Қамтамасыз
ету
Баланс агент
Депози
сақт
Кепіл
өте
теле

Қаржы
мін